медиакембелбетінің, медиа маманының және сөз шеберінің болуы қажет болатын талап қойды. Бүгінде кез келген компания басшылары бұрынғыдай шағын ұжымның алдында сөйлейтін сөзіне ат-үсті қарай алмайтын дәрежеге жетті. Ал саяси және мемлекеттік шенеуніктер сөйленетін сөз бәрін де шешетінін жақсы түсініп келеді. Спичрайтер қызметіне жүгіну - басшылар сауатты сөйлей алмайды немесе ойын дұрыс жеткізе алмайды деген сөз емес. Кәсіпкерлер өз бетінше бұның барлығын жасай алады. Десе де, керемет сауатты мәтін дайындауда, оны ары қарай жұртқа жеткізуде ерекше маман – спичрайтердің көмегі зор болмақ. Аталып отқан сала әлі толықтай қалыптасып біткен жоқ. Көптеген зерттеушілер мен ғалымдар, бұл саланы «қоғаммен байланыс» мамандығының бір бөлшегі деп санайды. Енді біреулері PR-дың бір түрі деп қана есептейді және оны саяси субъектілерді жарнамалаудың тәсілі деп қарастырады [Быкова Е.В., 2022]. Бірақ басқа тұрғыда қарайтын болсақ, спичрайтер тек мәтін жазып қана қоймай, PR-менде айналыса алады. Сондықтан оны қандай да бір дамыған мамандықтың бөлшегі деп санауға келмейді. Қуанышымызға орай, жұрт бүгінде спичрайтингты PR-дан бөліп қарастырып жүр. Неге десеңіз, спичрайтингтың маңызын түсіне бастаған азаматтар қатары көбейіп, кәсіпке деген сұраныс артты. Сұраныстың артуы, спичрайтерлер өзінің білім дәрежесін дамытпасада болады деген мағына емес. Керісінше, оларға қойылатын талап пен міндет күшейді. Негізгі талаптары:

1. Сөз қорының мол болуы. Маман тек әсерлі мәтін жазып қана қоймай, оны көркем түрде жеткізе алуы да қажет. Мықты спичрайтер бір тақырыпқа бірнеше мәтін, ой, шешім жаза алса, бұл оның шеберлігін көрсетеді. Сөздік қордың мол болуы, журналистке ешбір күмәнсіз бірнеше нұсқадағы мәтін жазуға септігін тигізеді.
2. Психологиядан хабардар болу. Спичрайтер өзі мәтін жазып отырған адамның мінезін, қалай сөйлейтінін, қандай ерекшеліктері бар екендігін білуі қажет. Оны білмеген жағдайда, адамның түрі мен сөзі бір-біріне сәйкес келмеу ықтималдығы жоғары. Адамның сөзі, оның ел алдындағы бейнесінің маңызды бөлшегі. Сондықтан да, тапсырыс берушінің психологиясын жетік білу – спичрайтердің сапалы жұмысының кепілі.
3. Қандай сала болмасын, терең білім қоры. Шенеуніктер, басшылар әртүрлі сала қызметкерлерінің алдында сөз сөйлейтіндіктен, кез келген саладан құлағдар болуы тиіс. Спичрайтер өз кезегінде басшының мәтінін дайындайтын маман болғандықтан, бұл талап ең бірінші соған жүктеледі. Ең керек салалар қатарына: саяси, тарихи ғылым және филология кіреді. Сондай-ақ, қоғаммен байланыстанда хабардар болғаны жөн.
4. Тәжірибе. Спичрайтерге тәжірибе жинау үшін, ең алдымен ірі компаниялардың PR бөлімдерінде жұмыс жасағаны дұрыс болады.
5. Шет тілдерді білу. Бұл спичрайтердің жұмыс жасайтын спикерінің жұмыс тіліне байланысты болып келеді.

Көп спичрайтерлер бұрын журналист болып жұмыс жасағандар. Бұл жерде жазу шеберлігінің дұрыс қалыптасуы өте маңызды. Адамда қабілет болмаса, спичрайтер болу мүмкін емес. Батыс елдерінде спичрайтер – PR саласының негізгі кәсібі. Спичрайтер – үнемі көлеңкеде жүреді. Неғұрлым байқалмаса, соғұрлым кәсіби мансабы биік болады. Сөз жоқ, спичрайтерлердің көмегінсіз-ақ өзін-өзі алып шығатын саясаткерлер бар. Оларға дайын мәтіннің, дайын ойдың қажеті жоқ. Мысалыға қызықты сұрақ: сөзіне шаң жұқпас шешен В.Жириновскийге қағаздан мәтін оқу керек пе? [Месеняшина Л.А., 2016] Адам – ақылды, анализ мықты жасайтын, өткір тілді болса да, өз ойын ашық жеткізе алмауы мүмкін. Осы кезде оған міндетті түрде спичрайтер керек болады.

Қазақстандағы спичрайтингты айтқан кезде, ойға бірден шешендік өнер мен сөз құдіреті түседі. Қазақ деген ұлт қалыптасқаннан бері, сөз қадірі жанама түрде бірге дамып келеді. Себебі, ұлт тарихында сөздің маңызы жоғары. Қазақтарда шешендік өнер деген түсінік бар. Ұлт рухының биік болып қалыптасуында, елде темірдей тәртіп сақталуында шешендік өнердің

алар орны ерекше. Оған дәлел ретінде орта ғасырда өмір сүрген билерді келтіруге болады. Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды қазақтың біртуар тұлғалары үнемі таққа отырған ханнан кеңестерін аямай, халық мәселесін шешуге атсалысып отырған. «Қол бастау қиын ба? Жол бастау қиын ба? Сөз бастау қиын ба?» деген қазақ халқына шешен сөйлеу ешқашан жат болмаған. Тілдің тазалығы, сөздің әсемдігі бірінші орында тұратын ұлт күні бүгінгі дейін әлемге өзінің біртуар тұлғаларымен танымал. Билерден бөлек, кеше ғана өмір сүрген Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Смағұл Сәдуақасов және т.б. дарынды азаматтар қиын қыстау шақта өздерінің өткір тілімен халыққа қорған болғаны, ел арасындағы сауатты көтергендігі, заманын қан төкпей ұстағаны қазақтардың тамыры тіл ұлылығынан бастау алатындығының айқын дәлелі. «Біз сөзге тоқтаған халықпыз» деп өз толғаныстарын бастайтын осынау ұлттың тілінің әдемілігін құртып алуына, заман дамуымен пайда болған жаңа тенденциялар әсер етті. Сондай тенденциялардың бірі – көп тілді болу. Жастар өз тағдырында биік мінберге шығамыз деп, өз тілдерін әлемге танытудың орнына, өзгенің тілін өздерінің байланыс құралы етіп алды. Шешендік өнер деген ұғыммен егіз қозыдай үндесетін қазақтың аты қандай ғалымның еңбегінде болмасын, үлкен әріптермен жазылып тұр. Қазақ халқынан шыққан небір атақты көсемдер, ғылымның алпауыттары, жүрек жұтқан батырлар барлығы дерлік әсем сөздің бізбен бауырлас екендігін көрсетеді. Демек, шешен сөйлеу – қазақтың генетикасындағы негізгі кодтың бірі деген тұжырымға келуге болады. Сөзден шашалмайтын халықтың тарихындағы спичрайтингті 3 кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1) Д.А.Қонаев тұсындағы спичрайтинг.

Тағдыры мен тарихы ортақ болған кеңестік кезеңді Қонаев заманының спичрайтингі деп жеке қарастыруға болады. Бұл кезеңнің саяси ерекшеліктері мен ұйымдастырушылық-құрылымдық әрі коммунистік ұстанымына сәйкес өзіндік қайталанбас белгілері бар. Орыс зерттеушісі А.Колесников: «Кеңес кезеңінде отандық спичрайтинг консультативті-референттік этиканың тәжірибесі мен негізгі технологиялық әдістері арқылы ерекшеленді» көрсеткендей, ол кезеңде КОКП Орталық комитеті Бас хатшысының тұлғалық беделі өте үлкен рөл ойнады. Постмодерндік уақытта қалып қойған мемлекеттерде сөз бен жазудың маңыздылығының артуы, алға жаңа міндеттерді қойды [Мельник Г.С., 2012]. И.Сталин, Г.Хрущев, Л.Брежнев кезеңіндегі спичрайтинг өзінің жалпылама жалған ұранымен, пафосты әсерлі сөздерімен жылдар бойы ел аузындағы жаттанды тіркестерге айналды. Коммунистік партияның белсенді референттерінің «Оқы, оқы және оқы», «Экономика үнемді болуы керек», «Отан Ана шақырады», «Барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер!» деген лозунг сөздері, күні бүгінге дейін көпшіліктің есінде. Қонаев кабинетінің спичрайтерлері Орталық саяси бюроның, Бас хатшының референт-спичрайтерлерінен алыс кеткен жоқ. Республикалық деңгейдегі партия съездерінде сөйленетін ұзын-сонар баяндамаларымен қатар, әлеуметтік-мәдени, саяси, ресми іс-шаралардың барлығы ішкі саясат және партия хатшыларының жіті бақылауымен, қырағы көзімен зерттеліп, зерделеніп әзірленетін еді. Сондықтан да, ол жаттанды тіркестерден жалынды бесжылдықтар жетістігінен паш ететін үздіксіз қолдаулар мен қолпаштауларды қажет ететін бір сыдырғы мәтіндер болатын. Бір қызығы, Қонаев келбетінің халық арасында жоғары беделге ие болғаны соншалық, қазірге дейін оның айтқан сөздерінен гөрі, қарапайым халық жасаған ісін жиі еске алады. Кеңестік жалған ұран мен жалынды тіркестен халық өзі жақсы көретін тұлғаны бөлек қарастырады.

2) Н.Н.Назарбаев кезеңіндегі спичрайтинг.

Нұрсұлтан Назарбаев – ел басқарған 1991-2019 жылдар аралығындағы уақыт қазақ халқының саяси дамуындағы аса бір маңызды әрі спичрайтинг саласы үшінде тамаша ілгерілеудің үлгісін көрсеткен жарқын кезеңі болды. Көшбасшыға қажетті көрегендік, даналық, әділдік, өткір тіл сынды қазақ халқы ерекше бағалайтын қасиеттердің барлығы осы тұлғаның бойынан табылатын еді. Қазақ халқының ғана емес, әлемдік саяси аренада мінсіз көшбасшы ретінде тұлғалық имиджін қалыптастырған Назарбаев келбеті кімді болса да тәнті ететін. Өз

заманында оның халқына жыл сайын жолдайтын дәстүрлі жолдауы, электоратқа қаратып айталатын сөздері, халықаралық маңызды кездесулердегі мінсіз саяси пікірлері үнемі оң көзқарасқа ие болды. Саяси кеңесшісі әрі баспасөз хатшысы (спичрайтері) болып көп жылдар бойы қызмет еткен Ермұхамбет Ертісбаев «Қазақтан және Назарбаев: өзгеріс логикасы» атты кітабында: «Ол әңгімені өте байыпты жүргізетін. Егер әңгімелесушінің айтып отырғаны қызық болса, көзінен сол нәрсені тыңдауға деген от жанып тұратын. Егерде біреу жәй ғана назарын аударғысы келсе, мәдениетті түрде уақыты тығыз екендігін түсіндіретін». Болмысынан қызыл тілді көшбасшының қол астында қазаққа аты белгілі жазушылар спичрайтер болып, қызмет атқарды. Н.Назарбаев тұсында спичрайтинг туралы түсінік алғаш рет қолданыла бастады. Ол 2000-жылдардан былай қарай. Қазақстанның халық жазушысы және қоғам қайраткері – Әбіш Кекілбаев, Н.Назарбаевтың алғашқы спичрайтері деген пікірде бар. Оны нақты ешкім зерттеп, арнайы басып шығармады. Дегенімен, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар университетінің докторанты Жайлауов Бақтыбай Сәрсенбайұлы өзінің бір мақаласында Әбіш Кекілбаевты, Н.Назарбаевтың спичрайтері болған деген деректі келтіреді. Замандас екі тұлға бір-біріне өте жақсы қолдау көрсеткен деп жазып, докторант бұл сөзін дәлелдеу үшін мынадай ақпараттармен бөліседі [Жайлауов Б.С., 2022]. Ә. Кекілбаев 1995-2002 жылдар аралығында Тұңғыш Президенттің сөздерін жинақтап, «Таңдамалы сөздер» жинағын шығарған. Ол жерде президенттің жұрт алдында сөйлеген сөздері жазылып, мемлекеттік хатшының кестесінен үзінді жарияланған. Кестеде арнайы жазылған мәтіндердің айтылу уақыты жайында да ақпарат бар. Ал, мемлекеттік хатшы деп тұрғанымыз – Ә. Кекілбаев. Бұдан бөлек Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Рахымжан Отарбаевта алғашқы президенттің спичрайтері болған.

3) Қ.-Ж.Тоқаев тұсындағы спичрайтинг.

2019 жылдан бастап, күні бүгінге дейін елімізді әлемдік саяси аренада танытып жүрген Қ.К.Тоқаевтың қол астында арнайы жұмыс жасайтын бір топ спичрайтерлер бар. Негізгі басқарушысы жазушы, профессор – Бауыржан Омаров. Президенттердің мінсіз сөйлеуінің артында спичрайтердің қыруар еңбегі жатқаны белгілі. Дәлел ретінде, Қ.К.Тоқаевтың соңғы кездерде үлкен жиындарда сөйлеген сөздерін келтіруге болады. Былтыр Ресейде өткен «25 Санкт-Петербург халықаралық экономикалық форумында» журналистің қойған сұрағына түсінікті әрі саяси тұрғыда нақты жауап берген Қ.К.Тоқаев әлемдік саяси сыншыларды таң қалдырды. Сонымен қатар, Ереванда өткен ҰҚШҰ-ның саммитінде, Беларусь мемлекетінің басшысы А.Лукашенконың қойған бас хатшылар туралы сұрағына да әзілмен, байыпты жауап беруі, президенттің қол астында мықты мамандар жұмыс жасайтындығын білдіреді.

Нәтижелер

Спичрайтер тек президентке қана емес, басқа да шенеуніктерге керек екендігін еске түсіргеніміз жөн. Басқа шенеуніктердің сөздеріне келер болсақ, кеткен қатеден көңіл көншімейді. Төменде берілген 1-кестеге назар аударсақ:


1-кесте

Лауазымды тұлғалардың қателіктері

№	Шенеуніктің аты-жөні, лауазымы, айтқан оғаш сөзі	Қателігінің салдары
1.	Жандарбек Бекшин – 2019-2020 жылдар аралығында бас санитарлық дәрігер қызметін атқарды. 2020 жылы елге коронавирус келгенде, «наконец-то» деп эмоция білдірді.	Дәл сол сөзінен кейін Жандарбек Бекшин қызметінен босатылды. Ел-жұрттың алдында абыройын жоғалтты. Өзі абайсызда болды деп ақталғанымен, билік оны кешірмеді.
2.	Бахыт Султанов – 2019-2022 жылдар аралығында сауда және интеграция министрі қызметін атқарды. 2022 жылы елде қант қымбатшылығы	Бұл сөз халық тарапына ауыр тиді. Себебі, қант алуға ақшасы болмай жүрген халық

	орын алған болатын. Сонда журналистің «Сіз шәйді қантпен ішесіз бе?» деген сұрағына «Жоқ, мен балл қосып ішемін» деп жауап береді.	балды қайдан алсын? Бұл министрде сол сөзінен соң қызметімен қош айтысты.
3.	Гульжан Карагусова – 2007-2021 жылдар аралығында Парламент мәжілісінің депутаты. 2001-2007 жылдары халықты әлеуметтік қорғау министрі де болды. Министр болып тұрған шағында, журналистің балалар жайлы қойған сұрағына, «бір бала жақсы, екінші бала өкінішке орай» деп жауап жазады. Содан кейін, депутат болып қызмет жасап жүрген кезінде, елдегі өндіріс жайлы сұраққа «Мынау біздікі, өзінікі, өндірісті, сапасы жайлы екен, қымбатта емес та, он алу керек» деп шала жансар жауап қайтарады.	Министр болған кезіндегі жауабы үшін жұмыстан босатылды. Себебі, балалардың туылуы ел демографиясын көтерудегі басты фактор. Депутат болған кездегі жауабы үшін, халықтың сынына қалған болатын. Сондай-ақ, көп уақыт жастар арасында мем ретінде қолданылып жүрді.
4.	Габидулла Абдрахимов – 2018-2019 жылдар аралығында Шымкент қаласының әкімі. Лондон қаласына барып, қазақтарға бейне-жолдау түсіріп жіберген. Жолдауында: «Қазақстанда тұр, әлемді арала» деп мақтану сөздерін айтады.	Дәл сол сөзден соң, әкім қызметінен айрылды. Қаланың мемлекет алдындағы қарызының көп екендігіне қарамастан, шетелде жүрген әкімді билік сынап тастады.

Кестеде өзіндік ізденіске құрылған мәліметтер берілген. Оқып отырғандарыңыздай, шенеуніктер көп жерде еш ойланбастан жауап берген. Бұдан бөлек, мінберде тұрып өз тілінде сөйлей алмайтын шенеуніктерде жетерлік. Барлық қате лауазымды тұлғалардың спичрайтер деген мамандық бар екендігін білмеуінен туындап отыр. Егер, олар осындай мамандардың қызметіне жүгінетін болса, мансаптары биіктей берер еді. Сонымен қатар, қарапайым студенттер арасында спичрайтер мамандығын білесіз бе деген сұрақ-жауап жүргізілді. 100 студент қатысқан сұрақ-жауап нәтижесі былай болды 1-сурет):



1-сурет. Студенттердің сала жайындағы түсінігі

Кестеде берілген деректерге сүйенсек, 100 студенттің ішінде саясаттану мамандығынан 15 студент, журналистика мамандығынан 40 студент, цифрлы менеджмент мамандығынан 10 студент, қоғаммен байланыс мамандығынан 3 студент қана осындай мамандықтың бар екендігінен хабардар екен. Журналистика мамандығының студенттері 2-курста арнайы пән ретінде оқығандықтан, біршама хабары бар болып шықты. Ал қалған топтарда көрсеткіш төмен. Студенттерден бөлек, оқытушылардың біршамасына сұрақ қойылды. Олардың бірең-сараңы ғана кішкене білеміз деп жауап берді.

Пікір алмасу

Қазақстан енді ғана дамып келе жатқан елдердің қатарында болғандықтан, спичрайтинг

мамандығы басқа елдерге қарағанда мұнда қаншалықты дамығанын немесе дамымағанын көрсету үшін анализ жасалды. Мысалыға, АҚШ-ты алып қарайтын болсақ, онда спичрайтерлер Уоррин Хардингтың кезінен бастап жұмыс жасай бастаған. Уоррин Хардинг 1921-1923 жылы АҚШ-ты басқарған 29-президент. Ол кезде олар спичрайтерлер емес, «әдеби жазушылар» деген атаумен жұмыс жасады. Джон Уелливер – АҚШ-тағы алғашқы кәсіби спичрайтер. Ол 1923-1929 жылдары 30-президент болған Кельвин Кулиджиудың спичрайтері. Кейіннен, АҚШ-тың 34-президенті Дуайт Эйзенхауэрдің тұсында спичрайтинг дамыды. Бұл кезең 1953 жылдарға тиесілі. Себебі, Эйзенхауэр телевидение мен радионың дамуына үлкен көңіл бөлді. Ал, олардың дамуы үшін сапалы мәтіндер керек болды. Сондықтан, спичрайтерлер арнайы маман ретінде жұмыс жасай бастады. «Уотергейт» оқиғасымен аты шыққан АҚШ-тың 37-президенті Ричард Никсонның спичрайтері Рэй Прайс өзінің терең ойлы мәтіндерімен танымал. Мысалы: Никсонның «бірінші уотергейттік мәтінінде» ол президенттің бұл жанжалға емес, әлемдік саяси оқиғаларды баяндауын бірінші орынға қояды. Ондай фактілер халықтың көңілін басқа жаққа аударуға жасалған, коммуникациялық тәсілдердің бірі болып есептеледі [Мухортов Д.С., 2018]. Качинос шығанағында жасырын операция жүргізіп, Куба басшысы Фидель Кастроны орнына алып тастамақшы болған 35-президент Джон Кеннедидің де тумысынан қабілетке ие болып, саяси салыстыруларды мықты жасайтын спичрайтерлері болған. Олар: Теодор Соренсен мен Дик Гудвин. Операция жүргізіліп жатқан уақытта президенттің кеңесшісі де, мәтінін дайындаушы да солар болды. Дегенімен, арнайы жасақтардың нашар болғанынан жеңіліспен аяқталған операция, кейіннен АҚШ тарихында дақ болып қалды [Лиссер Ф.Р., 2019].

Американдықтардың тарихындағы алғашқы қара нәсілді президент Барак Обама, үнемі өзінің әсерлі сөздерімен жұртты таң қалдыратын. Әсіресе оның БҰҰ-ның 64-ші сессиясында сөйлеген сөзі көпшіліктің есінде қалды. Ол елдер арасындағы қақтығыстар жақсылыққа алып келмейтінін тілге тиек етіп, мемлекеттердің бір-бірінің бостандығына қол сұғуы әлемдегі тепе-теңдікті бұзатынын айтқан болатын. Сондай-ақ, Ресейдің Украинаның суверенитетіне кедергі жасауы өте жаман қадам болғанын жұмсақ түрде жеткізді. Дәл осы мәселе кейін қайта қайталанып, бүгінде арты үлкен дауға айналғандығы барлығымызға белгілі. Бұл жылдары Барак Обаманың спичрайтері Джон Фавро болды. Обама бірнеше кітаптың авторы болғанымен, мәтінінің көп бөлігін өзі жазғанымен спичрайтері ауысқан соң, сөз сөйлеуі мүлде өзгерді. Кейінгі спичрайтері Коди Киннан [Нью Йорк Таймс]. Фавро көбінесе саяси оқиғаны тұтас көрсетсе, Киннан қарапайым адамдардың тарихын мәтініне арқау етті. Одан кейін, Дональд Трамп президент болып сайланды. Өз инаугурациясында спичрайтері Стивен Миллер жазған мәтінді оқыды. Әлемнің мықты саясаттанушылары Трамптың сөзі Обаманың инаугурация кезінде сөйлеген сөзіне қатты ұқсайтынын ұзақ уақыт айтып жүрді. АҚШ-тың қазіргі басшысы Джо Байденнің спичрайтерінің нақты аты белгісіз. Өзімізге көршілес жатқан Ресейдің спичрайтингке қатысты тарихы өте тереңде. Неге десеңіз, бұрын КСРО өмір сүрген уақытта бірнеше мемлекет одақ болып, басшысы біреу ғана болды. Ғалым П.С.Учиров Ресейдегі спичрайтингті 6 кезеңге бөліп қарастырады (2-кесте) [Учиров П.С., 2016].

Қазақтармен түбі бір Түркия мемлекетінің тарихында спичрайтерлер жайлы мүлдем айтылмаған. Еш жерде оған қатысты деректер жоқ. Тек Ердоғанның қол астында 8 жыл қызмет еткен спичрайтер бар екендігі ғана жазылған. Ол спичрайтердің есімі Айдын Юнал. Кейінгі кезде жаңалықтарда Беларусь, Өзбекстан елдері басшыларының да спичрайтерлері бар екендігі айтылып жүр. Десе де, ашық түрдегі ақпарат жоқ. Сонымен қатар, дамыған елдердің қатарына жататын Ұлыбританияның да тарихында спичрайтерлер жайлы көп сөз қозғалмаған. Кей зерттеулерде 1979-1990 жылдар аралығында Ұлыбританияның премьер-министрі Маргарет Тэтчердің бір топ спичрайтерлемен жұмыс жасағаны (Крис Паттен, Вудро Уайт, Ангус Мод, Адам Ридли, Ричард Райдер) және 1997-2007 жылдар аралығында премьер-министр болған Тони Блэрдің Джон Макернан есімді спичрайтері болғандығы айтылған. Маргарет Тэтчердің қол астында қызмет еткен танымал спичрайтерлердің бірі – Рональд

Миллер. Ол өзінің бір сөзінде: «Тэтчер ханымға арнайы сөзді ешкім жазбады. Барлық мәтін тек онымен бірге жазылатын» дейді [Т.Н.Павлова, 2014].

2-кесте

Ресей спичрайтингінің дамуы

№	Кезеңдер	Танымал спичрайтерлері	Ерекшелігі
1.	Хрущев-Брежнев кезеңіндегі спичрайтинг	Александр Боевин және Александр Мурзин	Бұл кезеңнің спичрайтерлері орталық газеттерде жұмыс жасайтын журналистер болды. Халықтың саяси сауаты төмен болғандықтан, спичрайтерлер өз мәтіндерін танымай қалған жағдайларды орын алды
2.	Горбачев тұсындағы спичрайтинг	Александр Яковлев және Алексей Пушкин	Спичрайтерлер тек жаңа идеяны тудырушы ретінде жұмыс жасады. Себебі, Горбачев ораторлық өнерді жетік меңгергендіктен, мәтіндерін өзі жазып отты
3.	Ельцин кезіндегі спичрайтинг	Олар 1-ші топ және 2-ші топ болып бөлінеді. 1-ші топқа: Людмила Пихоя, Александр Ильин, Константин Никифоров, Владимир Кадацкий, Геннадий Харин, Урманов Александр жатады. 2-ші топта Татьяна Юмашева, Андрей Шторх қызмет етті	Спичрайтер елге және президентке әсер ете алатын маман ретінде жұмыс жасады. Маңызды мәтіндерге өз түзетулерін жасай алатындай дәрежеге жетті. Одақ басшысының мәтінін толықтай өздері дайындап беруімен ерекшеленді
4.	Бірінші Путиндік кезеңдегі спичрайтинг (2000-2008 жылдар аралығы)	Джахан Поллыева, Андрей Вавра, Дмитрий Калимулин, Ярослав Шабанов және Лариса Мишустина	Спичрайтерлер бірден өз қызметтерін бәсеңдетті. Мемлекет басшысы өз мәтінін дайындауға қатысып тұрды
5.	Медведев тұсындағы спичрайтинг	Ева Василевская	Бұл кезең спичрайтерлердің жеке штатының болуымен, спичрайтердің әлсіз жұмысының нәтижесінде президенттің абыройының түсуімен ерекшеленді
6.	Екінші Путиндік кезеңдегі спичрайтинг (2012-ден, күні бүгінге дейін)	Дмитрий Калимулин, Екатерина Хуторская	Басшы сөзін өзі жазады. Спичрайтер мәтінді саяси өңдеуден өткізіп, өз түзетулерін қосты

Расында, тарихта «темір ханым» деген атаумен қалған Маргарет Тэтчердің шешен екендігін бүкіл әлем біледі. Қызық дерек, әлемге өзінің жасыл алқапты ормандарымен танымал Швеция тарихында спичрайтерлер көбіне экономика саласында жұмыс жасап, премьер министрлерге кеңес беріп, мәтінін дайындап отырған. Ең танымал спичрайтерлерінің бірі Клас Эклунд. Ол экономика саласында ұзақ жыл қызмет жасап, кейіннен мәтін жазумен айналысты. Спичрайтер болып қызмет етуі 1984 жылдан басталады [Андреас Б., 2022]. Анализден көріп отқандарыңыздай дамыған және дамушы елдердің арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Америкада спичрайтинг сала ретінде Қазақстанға қарағанда 100 жыл бұрын қолданыла бастаса, Ұлыбританияда да шамамен 60 жылдай бұрын, ал, Ресейде 50 жылдай бұрын

қолданылды. Демек, бізге басқа елдермен терезе теңестіру үшін, әлі көптеген жұмыстар жасау керек.

Қорытынды

АҚШ-тың 41-ші президенті Джордж Буштың спичрайтері Майкл Герсон: «Президент сен жазған мәтінді оқымас бұрын өзінді әлемдегі ең маңызды адам ретінде сезінесің. Мәтінді оқып болған соң, сен жәй ғана спичрайтерсің. Сен алғашында президенттің жанындатұрасың, артынан дауға айналған нәрсе үшін жазаланасың. Сол кезде ол сенің кінәң деген ойға қаласың» деген екен [Хан П.Л., 2018]. Заман үнемі үздіксіз өзгеріске ұшырап отырса да спичрайтинг, спиндоктор, имиджелог әркезде маңызын жоғалтпайтын салалар болып қала бермек. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мемлекеттің әлемдік саяси аренада, компанияның нарықта өз орнын бекітіп ұстауына керек ең негізгі фактор - басшының тиянақты сөйлеген сөзі, көрсеткен эмоциясы мен жасаған әрекеті. Ал, оның мінсіз болып қалыптасуына көмек бере алатын жалғыз кәсіп– спичрайтинг.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Kjeldsen I.E., Kiewe A., Hansen B.D.(2019) The beginning of Speechwriting. *Speechwriting in Theory and Practice*, 15 March, 27-37 [Электрондық ресурс]: URL: https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-3-030-03685-0_3 (өтінім берілген күні: 01.02.2023).
- Malcolm Schofield.(2019) Platon in his Time and Place. *The Oxford Handbook of Plato* (2nd edn), 04 October, 40-67 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1093/oxfordhb/9780190639730.013.8> (өтінім берілген күні: 01.02.2023).
- Месеняшина Л.А.(2016) Проблема формирования спичрайтерской компетенции. *Вестник ЧелГУ*, 9(391) [Электрондық ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/problema-formirovaniya-spichrayterskoy-kompetentsii> (өтінім берілген күні: 01.02.2023).
- Байысбекова Т.Д.(2016) Спичрайтинг PR-технология ретінде: теориялар мен тұжырымдамалар. *Вестник КазНУ. Серия журналистики*, 37, 2, 574-579 [Электрондық ресурс]: URL: <https://bulletin-journalism.kaznu.kz/index.php/1-journal/article/view/437> (өтінім берілген күні: 01.02.2023).
- Быкова Е.В. (2022) Медиалингвистические исследования PR-речи: отечественный опыт. *Медиалингвистика*, 9(2), 79-95 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.21638/spbu22.2022.201> (өтінім берілген күні: 02.02.2023)
- Шарков Ф.И.(2012) Политическая коммуникация в современном информационном обществе. *PolitBook*, 2, 121-130 [Электрондық ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/politicheskaya-kommunikatsiya-v-sovremennom-informatsionnom-obschestve> (өтінім берілген күні: 03.02.2023)
- Мельник Г.С.(2012) Медиа́текст как объект лингвистических исследований. *Журналистский ежегодник*, 1, 27-27 [Электрондық ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/mediatekst-kak-obekt-lingvisticheskikh-issledovaniy> (өтінім берілген күні: 03.02.2023)
- Жайлауов Б.С.(2022) Әбіш Кекілбайұлы – SPEECHWRITER. *Әдебиет порталы*, 08.04.2022 [Электрондық ресурс]: URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/abis-kekilbaiuly-speechwriter_23829 (өтінім берілген күні: 04.02.2023)
- Учиров П.С.(2016) Дискурсивные практики Президента РФ: историческая роль спичрайтеров. *Политическая лингвистика*, 5(59), 92-102 [Электрондық ресурс]: URL: <http://elar.uspu.ru/handle/uspu/4785>(өтінім берілген күні: 05.02.2023).
- Мухортов Д.С.(2018) О паралингвистических особенностях вербального поведения американского Президента Ричарда Никсона (на материале избранных речей). *Вестник РУДН. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика*, 9, 1, 77-92 [Электрондық ресурс]: URL: <https://journals.rudn.ru/semiotics-semantics/article/view/18269>(өтінім берілген күні: 05.02.2023).

- Lissner R.F.(2019) Process Learning in Foreign Policy: From the Bay of Pigs to the Berlin Crisis. *Political Science Quarterly*, 134,4,641-673 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1002/polq.12989> (өтінім берілген күні: 05.02.2023).
- Michael S. Schmidt (2015) State of the Union Speechwriter for Obama Draws on Various Inspirations. *The New York Times*, January, 19 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.nytimes.com/2015/01/20/us/politics/cody-keenan-obamas-hemingway-draws-on-friends-empathy-and-a-little-whisky-for-state-of-the-union.html>(өтінім берілген күні: 05.02.2023).
- Павлова Т.Н.(2014) Роль спичрайтера в формировании языковой личности политического лидера. *Политическая лингвистика*, 1(47), 181-185 [Электрондық ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-spichraytera-v-formirovanii-yazykovoy-lichnosti-politicheskogo-lidera> (өтінім берілген күні: 06.02.2023).
- Andreas Bergh.(2022) An All Too Successful Reform? The 1997 Overhaul of the Swedish Budget Process. *Successful Public Policy in the Nordic Countries: Cases, Lessons, Challenges*, September, 219-238 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1093/oso/9780192856296.003.0011> (өтінім берілген күні: 06.02.2023).
- Peter Hahn.(2019) The Authority of Academics in a Time of Turbulence. *Diplomatic History*, 43, 1, January, 1-30 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1093/dh/dhy081> (өтінім берілген күні: 06.02.2023).

References

- Kjeldsen I.E., Kiewe A., Hansen B.D.(2019) The beginning of Speechwriting. *Speechwriting in Theory and Practice*, 15 March, 27-37 [Ehlektronnyj resurs]: URL: https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-3-030-03685-0_3(data obrashcheniya: 01.02.2023).
- Malcolm Schofield (2019) Platon in his Time and Place. *The Oxford Handbook of Plato* (2nd edn), 04 October, 40-67 [Ehlektronnyj resurs]: DOI: <https://doi.org/10.1093/oxfordhb/9780190639730.013.8> (data obrashcheniya: 01.02.2023).
- Mesenyashina L.A. (2016) Problema formirovaniya spichrayterskoy kompetentsii. *Vestnik ChelGu*, 9(391) [Ehlektronnyj resurs]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/problema-formirovaniya-spichrayterskoy-kompetentsii> (data obrashcheniya: 01.02.2023).
- Baiysbekova T.D. (2016) Speechriting PR tekhnologiya retinde: teoriyalar men tuzhyrymdamalar. *Vestnik KazNU. Seriya jurnalistiki*, 37, 2, 574-579 [Ehlektronnyj resurs]: URL: <https://bulletin-journalism.kaznu.kz/index.php/1-journal/article/view/437> (data obrashcheniya: 01.02.2023).
- Bykova E.B. (2022) Medialingvisticheskoe issledovaniya PR rechi: otechestvenniy opyt. *Medialingvistika*, 9(2), 79-95 [Ehlektronnyj resurs]: DOI: <https://doi.org/10.21638/spbu22.2022.201> (data obrashcheniya: 02.02.2023).
- Sharkov F.I. (2012) Politicheskaya kommunokatsia v sovremennom informatsionnom obshestve. *PolitBook*, 2, 121-130 [Ehlektronnyj resurs]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/politicheskaya-kommunikatsiya-v-sovremennom-informatsionnom-obschestve>(data obrashcheniya: 03.02.2023).
- Mel'nik G.S. (2012) Mediatekst kak obekt lingvisticheskikh issledovaniy. *Jurnalitskii ezhegodnik*, 1, 27-27 [Ehlektronnyj resurs]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/mediatekst-kak-obekt-lingvisticheskikh-issledovaniy>(data obrashcheniya: 03.02.2023).
- Zhailauov B.C. (2022) Abish Kekilbaiuly – SPEECHWRITER. *Adebiet portaly*, 08.04.2022 [Ehlektronnyj resurs]: URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/abis-kekilbaiuly-speechwriter_23829 (data obrashcheniya: 04.02.2023).
- Uchirov P.S.(2016) Diskursivnye praktiki Prezidenta RF: istoricheskaya rol spichrayterov. *Politicheskaya lingvistika*, 5(59), 92-102 [Ehlektronnyj resurs]: URL: <http://elar.uspu.ru/handle/uspu/4785> (data obrashcheniya: 05.02.2023).

- Mukhortov D.S.(2018) О прагматических особенностях вербального поведения американского президента Ричарда Никсона (на материале избранных речей). *Vestnik RUDN. Seriya: Teoriya yazyka. Semiotika. Semantika*, 9, 1, 77-92 [Электронный ресурс]: URL: <https://journals.rudn.ru/semiotics-semantics/article/view/18269> (accessed 5 February 2023).
- Lissner R.F.(2019) Process Learning in Foreign Policy: From the Bay of Pigs to the Berlin Crisis. *Political Science Quarterly*, 134,4,641-673 [Электронный ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1002/polq.12989> (data obrashcheniya: 05.02.2023).
- Michael S. Schmidt.(2015) State of the Union Speechwriter for Obama Draws on Various Inspirations. *The New York Times*, January, 19 [Электронный ресурс]: URL: <https://www.nytimes.com/2015/01/20/us/politics/cody-keen-an-obamas-hemingway-draws-on-friends-empathy-and-a-little-whisky-for-state-of-the-union.html> (data obrashcheniya: 05.02.2023).
- Pavlova T.N. (2014) Rol spichraytera v formirovaniy yazykovoy lichnosti politicheskogo lidera. *Politicheskaya lingvistika*, 1(47), 181-185 [Электронный ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-spichraytera-v-formirovaniy-yazykovoy-lichnosti-politicheskogo-lidera> (data obrashcheniya: 06.02.2023).
- Andreas Bergh.(2022) An All Too Successful Reform? The 1997 Overhaul of the Swedish Budget Process. *Successful Public Policy in the Nordic Countries: Cases, Lessons, Challenges*, September, 219-238 [Электронный ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1093/oso/9780192856296.003.0011> (data obrashcheniya: 06.02.2023).
- Peter Hahn.(2019) The Authority of Academics in a Time of Turbulence. *Diplomatic History*, 43, 1, January, 1-30 [Электронный ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1093/dh/dhy081> (data obrashcheniya: 06.02.2023).

Спичрайтинг - важная отрасль медиакоммуникаций

*¹Р.К.Кемелбек, ¹Б.М.Токабаева

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева (Астана, Казахстан)

Аннотация

В научной статье были высказаны последовательные мысли о сфере спичрайтинга, являющейся важнейшей частью современной медиакоммуникации и политического консалтинга, ее месте и актуальности в политической жизни Республики Казахстан сегодня. Были изучены ее истоки и рассмотрены перспективы ее будущего в казахском государстве в качестве одной из самых распространенных профессий, созданных веком информации. Спичрайтеры востребованы в современном обществе и как специалисты по медиаграмотности, владеющими цифровой компетентностью эффективного пользования технологиями. В статье приводятся результаты опроса читателей, связанные с оценкой выступлений должностных лиц, их имиджа и репутации. На основании проведенного опроса студентов была продемонстрирована популярность современных терминов медиакоммуникаций и новых направлений среди молодежи. Несмотря на то, что в мировой медиаиндустрии актуально научное изучение спичрайтинга, в Средней Азии и постсоветских государствах изучение этой отрасли медиакоммуникаций недостаточно актуально и требует соответствующего внимания.

Ключевые слова: медиакоммуникация, политический PR, политическая коммуникация, текст, ораторское искусство, тенденции, спичрайтер, спичрайтинг.

Speechwriting as the most important area of media communication

*¹R.K.Kemelbek, ¹B.M.Tokabayeva

¹L.N.Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)

Abstract

The article is concerned with the sphere of speech writing that is particularly relevant to modern media communication and political consulting, and outlines its importance to and influence on the political life of the

Republic of Kazakhstan. The origins speech writing and the potential of digitally and technologically equipped speechwriters regarding the future of Kazakhstan are considered alongside this modern profession's utility in the media landscape. The evaluation regarding the speech and image of the state officials by readers as a result of a quiz is presented. Additionally, the results of a survey of students are included to represent the awareness of modern media communication terms and spheres among the youth. While journalism is a profession that connects the people and the authorities via writing, speech writing in Central Asia and post-Soviet states has not yet been fully studied and developed despite the past efforts.

Keywords: media communication, political PR, political communication, text, rhetoric, trend, speechwriter, speech writing.

Поступила в редакцию: 06.02.2023

Одобрена: 07.03.2023

Первая публикация на сайте: 19.07.2023

MPHTI: 14.35.07

<https://doi.org/10.65247/3105-3432-2024-2.05>

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ДАЙЫНДАУ

*¹М.Б.ҚАБИ^{ORCID}, ¹Г.Г.ЖУСУПБЕКОВА^{ORCID}, ²М.Д.КЕНЖЕГАЛИЕВА^{ORCID}

¹Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
(Көкшетау, Қазақстан)

²Лейпциг университеті (Лейпциг, Германия)

*qabimb@gmail.com, uk.gulsara74@mail.ru, kenshegalijewa@uni-leipzig.de

Аңдатпа

Мақалада студенттердің кәсіби дайындық процесінде зерттеу мәдениетін дамыту қажеттілігі қарастырылады, оны игеру болашақ бастауыш сынып мұғаліміне рефлексиялық-зерттеу тәсілінде қойылған мәселелерді оңай болжауға, зерттеу өзектілігін тануға, зерттеу объектісін бақылауға, зерттеуге дауындалуға және шешуге мүмкіндік береді. «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің зерттеу мәдениеті» ұғымы нақтыланды, басқа ғалымдардың ойлары мен түсінігі жазылады. Кәсіби дайындық процесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімінде зерттеу мәдениетін дамытуының маңыздылығы анықталынады. Мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арасында кішігірім зерттеу сауалнама арқылы жүргізіледі. Сауалнама нәтижесі бойынша болашақ педагогтардың зерттеу мәдениетін жоғарлатуын қажет етеді, себебі ол келешектегі дипломдық жұмыстарында, мақала немесе жоба жұмыстарын жазу кезінде, кәсіби педагогикалық тәжірибеден өту уақытында және болашақта жұмыс орында істердің орындалуына негіз болады.

Түйін сөздер: зерттеу мәдениеті, білімді мұғалім, бастауыш сынып, әдіснама, зерттеу қызметі.

Кіріспе

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өзін-өзі жетілдіруге жүзеге асыруының заманауи перспективалары жоғары оқу орындарының алдында болашақ маманды зерттеу қызметіне даярлау міндетін өзектендіреді. Бүгінгі таңда өте күрделі міндеттерді шешуге, проблемаларды алға жылжытуға, білім беруді реформалаудың өзгермелі жағдайында түбегейлі жаңа зерттеу шешімдерін табуға қабілетті мұғалім сұранысқа ие.

Зерттеушілік мәдениет кез-келген ғылыми жұмыстардың аясында сәттілікке жету жолы екені сөзсіз анық. Студенттерді зерттеу жұмыстарына тарту оларға жаңа заттар ойлап табуға, түсінуге және игеруге, өз ойларын білдіруге, шешім қабылдауға, қызығушылықтарын тұжырымдауға, сонымен қатар мүмкіндіктерді түсініп үйренуге, сонымен қатар әлемдегі өзекті мәселелерді шешу білу мүмкіндік береді. Бұл мәселе Қазақстан Болон процесіне қосылғаннан бері іргелі мағынаға ие болды. Оның мәні бастауыш сынып мұғалімдерін

даярлаудың үш деңгейлі жүйесі арқылы мамандарды даярлаумен байланысты, дәлірек айтқанда, бұл бакалавриат - магистратура - докторантура. Қазақстан Республикасының Президенті Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қазақстанның әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіру стратегиясы» атты баяндамасында әлеуметтік саланы жаңғырту, білім және ғылым жүйесін дамыту, сондай-ақ жоғары білікті оқытушылар құрамын даярлау аса маңызды бағыттардың бірі болып табылатынын нақты түсіндірді [Қ.К.Тоқаев, 2019].

Мақаланың ғылыми маңыздалығына тоқталып өтсек, заман талабына сай оқу эволюциясының талабында «Білімді мұғалім» парадигмасын «Өмірге бейімді мұғалім», «Әрекет ете алатын мұғалім» парадигмасына алмастыруға әкеледі. Ғылыми зерттеуде бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби қызметінде жаңа сапаға қол жеткізуді зерттеушілік мәдениетімен байланысты, сондықтан қазіргі таңда бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық қызметі маңызды орын алып, сұранысқа ие болып келеді, демек, ғылыми негізде педагогикалық процесті жобалауды және іске асыруда жаңа білімді қалыптастыруды талап етеді.

Тарихи шолуларға назар аударсақ, мұғалімдердің трансформациялық қызметіне ерекше назар аударғандар: Ы.Алтынсарин, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, П.П.Блонский, М.Жұмабаев, Н.К.Крупская, А.В.Луначарский, А.С.Макаренко, С.Т.Шацкий, В.А.Сухомлинский [Таубаева Ш., 2016: 8 б.] және т.б., олар өз еңбектерінде шебер мұғалімнің ғылыми-зерттеу мәдениеті болуы керек екенін атап өтті.

Негізгі бөлім

Зерттеу мәдениеті – зерттеу қызметінің әдістері мен тәсілдері, зерттеу заңдылықтары туралы білімді қамтиды. Ол зерттеу қызметінде көрсетіледі, сонымен қатар белсенді іздеу қажеттілігімен, зерттеу саласындағы білімдер жиынтығымен, дағдыларымен, зерттеудегі өнімділігімен және зерттеу қабілеттерімен сипатталады. И.Ф.Исаев, В.А.Сластенин, Е.Н.Шиянов және т.б. ғалымдар «мәдениет» және «кәсіби педагогикалық мәдениет» арақатынасын жақын ұғымдар ретінде қарастырады. Кәсіби-педагогикалық мәдениетке тән функцияларға байланысты оның түрлерін, соның ішінде, зерттеу мәдениетін бөліп көрсетеді [Шолпанқұлова Г.К., 2020]. «Үлкен теориялық мәселелерді шынымен көру – оларды өмірдің нақты сұрақтарына сәйкес көру», – деп жазады С.Л. Рубинштейн [В.Ф. Исаев: 2002, 19 б.]. Бұл зерттеу мәдениетінің басты қасиеті, яғни зерттеу аясындағы материалды бағалауға және сәйкесінше түсіндіруге, феноменологиялық сипаттамадан ғылыми теорияны дұрыс құруын жазады С.Л.Рубинштейн.

Педагогтың зерттеу мәдениеті түсінігі шығармашылыққа сәйкес екендігін көздейді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің зерттеу жұмыстарында педагогикалық мәселелерді шешілетін, зерттеу міндеттерінің мәнін жақсы түсінуге, зерттеудегі педагогикалық дағдыларды жетілдіруге, тәжірибенің нәтижелерін және жетістіктерін белсенді меңгеруге, шығармашылық ойды жақсартуға, зерттеу мақсаттарына қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімнің кәсіби дайындығы көптеген аспектілерді қамтиды. Олардың бірі - студенттердің оқу жүйесіндегі ғылыми-әдістемелік білімдердің, дағдылардың белгілі бір жиынтығын игеруі және оқытудың барлық жылдарында педагогикалық практиканы дұрыс ұйымдастыруы. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде зерттеу мәдениетін қалыптастыру кезінде объектілер мен ғылыми жұмыстарды зерттеу тек сыртқы жақтар мен белгілерді сипаттаумен шектелмеуі керек. Студенттер жалпы педагогикалық білімнің сапасы, атап айтқанда ғылыми-зерттеу мәдениеті тәуелді болатын олардың маңызды терең сипаттамаларын түсінуге үйренуі дұрыс болып есептеледі. Үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс жасау студенттерге көптеген қиындықтар тудыратынына назар аудару керек. Ақпараттық кедергілер, яғни ақпарат көп болған кезде немесе мүлдем жеткіліксіз болған жағдайда, өзекті ақпаратты маңызды емес ақпараттан бөліп, таңдалған ақпараттан тұтастай құрылымдау және қалыптастыру, сондай-ақ жаңа мәтіндік, символдық және символдық форманы табу қажет болған жағдайда пайда болады.

Американдық педагог Эдгар Дейлдің мазмұнды ассимиляциялау немесе деректерді талдау құрылымын «Тәжірибе конусы» арқылы астыңғы сурет бойыншат қарастырайық (1-сурет).

Үстінгі суреттегі Американдық педагог Эдгар Дейлдің «Тәжірибе конусы» білім берудің неше түрлі нәтижелеріне қол жекізуге болатындығын атап өтеді [Болтовнин И., 2018].

Алынған ақпараттың максималды мөлшерін 90%-ға дейін болашақ бастауыш сынып мұғалімдері практикалық тапсырмалар мен басқа зерттеулерді өздері қатысып және орындау барысында игереді. Бұл жағдайда студенттер педагогикалық зерттеулерді талдауды, әртүрлі модельдерді әзірлеуді, зерттеу салдарын бағалауды үйренеді. Педагогикалық ақпараттың 70%-на дейін ғылыми пікірталастарға белсенді қатысатын, ғылыми семинарлар мен конференцияларда баяндама жасайтын студенттер игереді. Педагогикалық университетте болашақ бастауыш сынып оқушыларын даярлау және олардың ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыру кезінде көрнекі әдістер маңызды: педагогикалық процестерді бақылау, әдістемелік құралдарды қарау, оларды пайдалана білу. Бұл жағдайда естігендердің және көргендердің 50%-на дейін сіңіріледі. Ғылыми әдебиеттерді зерттеу және дәрістерге, семинарларға қатысу оқу материалының 20%-на дейін игеруге мүмкіндік береді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері анықтау, санау, сипаттау және түсіндіру дағдыларын меңгереді және нығайтады. Оқыту процесі кез-келген педагогикалық әдістердің іргетасын іргетастан алып тастауға болмайтын күрделі процесс екенін ескеру қажет, өйткені бұл, сайып келгенде, педагогикалық ғылымдардың алдында тұрған заманауи мәселелерді шеше алмайтын жетілмеген маманның қалыптасуына әкеліп соғуы мүмкін. Сонымен қатар, қазіргі маман тек жақсы тәжірибеші болуға ғана емес, сонымен қатар педагогиканың үнемі туындайтын теориялық мәселелерін түсінуге де, шешуге де міндетті.



1-сурет. Тәжірибе конусы

Бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық шығармашылығының маңызды элементі, жоғары жауапкершіліктің, әртүрлі қабілеттер мен таланттардың көрсеткіші – мұғалімнің зерттеу мәдениеті болып табылады.

Педагогикалық зерттеу бағдарламасы әдетте бірқатар кезеңдерді қамтиды. Алғашқылардың бірі – зерттеу мәселесімен танысу. Зерттеудің өзектілігін, даму деңгейін және зерттеу объектісі мен тақырыбын анықтау. Зерттеу мақсатын және мақсатпен байланысты міндеттерді тұжырымдау. Педагогикалық зерттеу арнайы зерттеуге бөлінген мәселені анықтаудан

басталады. Мәселе зерттеу тақырыбында көрініс табуы керек. Тақырып – зерттеу мәселесінің қысқаша тұжырымыболып есептеледі. Тақырыпты тұжырымдау оңай істердің бірі емес. Оны ғылым қол жеткізгеннен жаңа, белгісізге дейінгі қозғалыс көрініс табатындай етіп белгілеу керек [Загвязинский В.И., 2010: 22 б.].

Тақырыпты таңдағанда оның өзектілігін және ғылым мен практиканың талаптарына сәйкестігін білу керек. Өзекті зерттеулер қазіргі уақытта ең өткір сұрақтарға жауап береді, қоғамның педагогика ғылымына әлеуметтік сұранысын көрсетеді, тәжірибеде орын алатын маңызды қайшылықтарды анықтайды. Келесі кезекте зерттеудің мақсатын анықтап алуымыз жөн. Мақсат – зерттеудің мәні, зерттеу нәтижесінде керекті ғылыми нәтижеге жетуін көздейді. Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаттары әртүрлі болуы мүмкін: факторлар арасындағы тәуелділіктерді анықтау, құбылыстар арасындағы байланыстарды анықтау, кемшіліктерді жою үшін жағдай жасау, процесті жетілдіру үшін мүмкіндіктерін ашу, жағдайларды сипаттау және т.б. мақсат зерттеу объектісін таңдауды талап етеді. Зерттеу нысанын анықтаған кезде сұраққа жауап беру керек: зерттеуде не қарастырылып жатыр? Бұл педагогикалық процесс, педагогикалық шындықтың саласы немесе қайшылықты қамтитын кез-келген педагогикалық қатынас болуы да мүмкін. Басқаша айтқанда, объект айқын немесе жанама түрде қайшылықты қамтитын және проблемалық жағдайды тудыратын кез келген нәрсе бола алады. Нысан – бұл таным процесіне бағытталған нәрсе. Зерттеу пәні – объектінің бөлігі, жағы. Бұл тікелей зерттеуге жататын объектінің практикалық немесе теориялық тұрғыдан маңызды қасиеттері, жақтары, ерекшеліктері. Зерттеу пәні жүргізіп жатқан зерттеуде объектінің қалай қарастырылатындығы туралы түсінік береді. Зерттеу мақсатына, объектісіне және тақырыбына сәйкес зерттеу міндеттері анықталады. Тапсырмалар зерттеу мақсатын нақтылайды. Олар зерттеу қандай бағытта жүруі керек екендігі туралы түсінік береді, сонымен қатар мақсатқа жету үшін не істеу керек. Тапсырмаларды тұжырымдай отырып, ғалым осылайша өзінің зерттеу логикасын белгілейді, ортақ мақсатты жүзеге асыру үшін орындалуы қажет бірқатар аралық мақсаттар қояды [Крившенко Л.П., 2006: 61 б.].

Екінші кезең. Әдістемені таңдау: бастапқы тұжырымдама, тірек теориялық ережелер, таным әдістері, зерттеудің барысы мен болжамды нәтижелерін анықтайтын бірыңғай дизайн болады. Қазіргі педагогикалық зерттеулерде әртүрлі зерттеу тәсілдері жүзеге асырылады. Мысалы: жүйелік – объектінің тұтастығын ашу, оның ішкі байланыстары мен қатынастарын анықтау; кешенді – құбылыстар тобын жиынтықта қарау; тұтас – объектінің тұтас көрінісі, ал бүтін бөліктердің қарапайым қосындысына дейін азаймайды; жеке – тәрбиеленушіге жеке тұлға ретінде, өзіндік дамудың тәуелсіз субъектісі ретінде және тәрбиелік өзара әрекеттесу субъектісі ретінде қарау; іс – әрекет – психика мен іс-әрекеттің бірлігін, ішкі және сыртқы іс-әрекеттің бірлігін, тұлғааралық қатынастардың белсенді делдалдығын тану; тарихи – зерттеу объектісінің нақты тарихи генезисі мен дамуын зерттеу; сапалық – зерттелетін құбылыстың өзіндік ерекшелігін анықта; сандық – сандық шамалар мен сандардағы құбылыстар мен процестерді талдау және бағалау; феноменологиялық – дыбыстық құбылыстың сыртқы байқалатын сипаттамаларын сипаттау; маңызды – зерттелетін құбылыстың тұрақты сипаттамаларын, ішкі байланыстарын, механизмдері мен қозғаушы күштерін анықтау. Ғылыми-педагогикалық зерттеулер тәжірибесінде басқа да зерттеу тәсілдері бар.

Үшінші кезең. Зерттеу гипотезасын құру. Зерттеу гипотезасы – бұл әрі қарай эксперименттік және теориялық тексеруді қажет ететін ғылыми негізделген болжам. Гипотеза автор зерттеп жатқан нәрсеге жаңа көзқарас немесе түсінік беретіндей етіп тұжырымдалған. Гипотезаны құру – зерттеу жұмысындағы шығармашылық кезең, зерттеуші зерттелетін құбылыстар арасындағы ықтимал байланыстар туралы түсінік қалыптастыратын ойлау нәтижесі. Гипотеза ғылыми жұмыста қажет, өйткені ол зерттеу қызметінің белгілі бір бағытын береді; зерттеушінің ойларын бағыттайды және жұмыс үшін қандай материалдар қажет екенін анықтайды. Гипотезаны дұрыс құру үшін зерттелетін проблема саласында кең ой-өріске ие болу керек, мәселенің ғылыми тарихы мен әдістемесімен жақсы таныс болу керек.

Гипотезалар екі санатқа бөлінеді: а) индуктивті; б) дедуктивті. Индуктивті гипотезада олар жеке факторларды бақылаудан туындайды, олардың негізінде жалпылама тұжырымдар жасалады, олар осы түрдің барлық құбылыстарына қатысты жарамды болуы керек. Гипотезаның дұрыстығын зерттеуші эксперимент арқылы тексеріп, дәлелдеуі керек. Дедуктивті гипотезаның негізі кез-келген жалпы ереже болып табылады, оның негізінде жеке құбылыстар арасындағы байланыстар туралы қорытынды жасалады. Педагогикалық зерттеуде индуктивті гипотеза жиі қолданылады. Дедуктивті гипотеза бақылау процесінде көптеген материалдар жиналған кезде жұмыстың кейінгі кезеңінде пайда болуы мүмкін.

Төртінші кезең. Зерттеу әдістерін таңдау. Зерттеу пәнінің бастапқы күйін анықтау үшін анықтаушы эксперимент жүргізу керек. Зерттеудің ғылыми әдістері, оларды қолдану принциптері жоғарыда айтылған. Айта кету керек, педагогикалық процеске, оның нәтижелеріне бір уақытта көптеген факторлар әсер етеді. Бұл әртүрлі қосымша зерттеу әдістері мен тәсілдерін қолдануды талап етеді. Анықтау эксперименті барысында фактілерді жинақтау және талдау жүргізіледі, трансформациялық эксперимент жүргізілгенге дейін зерттеу пәнінің бастапқы күйі жан-жақты зерттеледі.

Бесінші кезең. Трансформациялық экспериментті ұйымдастыру және жүргізу. Бұл зерттеудің негізгі кезеңі. Эксперимент – нақты ескерілген жағдайларда педагогикалық шындықты өзгертудің ғылыми тәжірибесі. Трансформациялық эксперимент барысында өзгерістер педагогикалық процестің мазмұны мен барысына енгізіледі, гипотезада келтірілген ережелердің дұрыстығы тексеріледі.

Алтыншы кезең. Зерттеу нәтижелерін талдау, түсіндіру және ресімдеу. Бақылаулар мен эксперименттердің нәтижелері өңделеді. Нәтижелерді математикалық, статистикалық әдістерді қолдана отырып салыстыру инновацияның тиімділік дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Тұжырымдар жасалады, теория жасалады. Теория әр түрлі жағдайларда қолданылатын кез-келген дәлелденген гипотезаға айналады (егер ол жеке емес, жалпы, іргелі мәселелерге қатысты болса). Осы кезде зерттеудің тиімділігі бағаланады. Өздеріңіз білетіндей, зерттеулер іргелі, қолданбалы және әзірлемелерге бөлінеді. Іргелі зерттеулер үшін олардың тиімділігінің негізгі сипаттамасы теориялық өзектілік, жаңалық, тұжырымдамалық және дәлелділік, перспективалық және нәтижелерді практикаға енгізу мүмкіндігі болып табылады. Қолданбалы зерттеулерді қарау кезінде, ең алдымен, олардың практикалық өзектілігі мен маңыздылығын, практикаға енгізу мүмкіндігін бағалау қажет. Әзірлемелер үшін жаңалығы, өзектілігі мен тиімділігі, адресатқа сәйкестік дәрежесі, презентацияның анықтығы құнды болады.

Жетінші кезең. Практикалық ұсыныстар әзірлеу. Бұл зерттеудің негізгі кезеңдері. Зерттеу жұмысының объективті нәтижелері мен ғылыми еңбекті жобалаудың сәттілігі зерттеудің жекелеген кезеңдерінің дұрыс реттілігіне және олардың өзара байланысына байланысты [Мусс Г.Н., 2019: 111 б.].

Зерттеу қызметі - адам қызметінің ерекше түрі. Зерттеу (ғылыми) жеке адамның - ғалымның, зерттеушінің немесе олардың тобының, ұжымның жаңа ғылыми білім алуының субъективті процесі ретінде қарастырылады. Ғылыми таным жеке тұлғалардың танымдық іс-әрекетінен тыс болмайды, бірақ соңғысы ғалымдардың бір ұрпағынан екіншісіне берілетін ұжымдық дамыған, объективті білім жүйесін игергендіктен ғана біле алады, зерттей алады [Шашенкова Е.А., 2002].

Әдістер

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу мәдениетінің деңгейін бағалау үшін сауалнама жасалды. Сауалнама 2 бөлімнен тұрады: зерттеу қызметіндегі білімді бағалау; зерттеу қызметіндегі жеке қасиеттер. 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағаланды.

Нәтижелер

Сауалнама 2 бөлім арқылы жасалған. Барлық сұрақтар саны 15. Кішігірім зерттеу 1-4 курстар аралығында өткізілді. 1-бөлімнің сұрақтары:

1. Сіздің зерттеу дағдыларыңыз қандай деңгейде?
2. Мақала, реферат немесе ғылыми жұмыс (дипломдық жұмыс, диссертация және т. б.) жазу дағдыларыңызды қаншалықты жоғары бағалайсыз?
3. Сіз зерттелетін мәселенің өзектілігін, мақсатын, зерттеу міндеттерін қаншалықты нақты тұжырымдай аласыз?
4. Қажетті ақпаратты алу үшін ғылыми журналдармен, жинақтармен немесе кітаптармен жұмыс істеу қабілетіңіз қандай деңгейде?
5. Сіз педагогикалық экспериментті қаншалықты жоспарлай аласыз?
6. Әдістемелік деректерді тәжірибеде қаншалықты қолдана аласыз?
7. Сауалнаманы немесе тестті өз бетіңізше жасау қабілетіңізді қаншалықты жоғары бағалайсыз?
8. Сіз ғылыми конференцияларда немесе семинарларда баяндама қорғай аласыз ба?


2-бөлімнің жеке қасиеттер сұрақтары:

1. Іске шығармашылық көзқарас
2. Креативтілік
3. Танымдық белсенділік
4. Бақылау
5. Алға қойылған мақсаттарға жетудегі табандылық
сбора данных на основе анкеты, который был ориентирован только на выпускников инженерных специальностей и студентов университета округа Колумбия. Авторы использовали как двоичную, так и порядковую шкалы, где сначала задавали вопросы, используя двоичную шкалу, так что если ответ «Да», то задавался другой вопрос, используя порядковую шкалу, то есть является ли уровень осведомленности низким, средним или высоким. Исследуемая группа, представляющая интерес, включает выпускников инженерных специальностей и студентов учреждения. Результаты этого исследования были проанализированы с использованием ответов участников на анкету и обобщения этих ответов для выявления закономерностей. Результаты показали общий низкий уровень осведомленности и понимания «инновации», «коммерциализация». Эти данные будут подробно обсуждаться, чтобы осветить уровень осведомленности об инновациях и коммерциализациях в учреждениях для афроамериканцев. Авторы используют результаты этого исследования, чтобы предоставить полезные рекомендации и основу для руководства учебных заведений, чтобы инициировать программы по продвижению инноваций и коммерциализации, особенно для инженеров-новаторов. Авторы намерены провести дополнительные опросы в рамках другого исследования, чтобы охватить студентов инженерных специальностей, а затем преподавателей и административный персонал учебных заведений для афроамериканцев, чтобы оценить их уровень осведомленности об понятиях «инновация» и «коммерциализация».

В справочной информации других авторов [Cullen M.D.M., 2020] исследовательские университеты в Южной Африке являются общепризнанными источниками новых знаний, и их вклад в инновации проявляется в создании, передаче и коммерциализации новых технологий, полученных в результате академических исследований. Научное сотрудничество между университетами, промышленностью и обществом предлагает различные преимущества, включая финансирование студентов и исследователей, и поток доходов для университетов. Кроме того, отрасль может получить доступ к новым технологиям для включения в улучшенные продукты и услуги. Целью данного исследования было выявить факторы, побуждающие академических исследователей к участию в технологии коммерциализации. Следовательно, рост в университете технологии по коммерциализации в Южной Африке может быть связана с правами на интеллектуальную собственность в соответствии с Законом об исследованиях и разработках, финансируемых государством. Создание технологий в офисах коммерциализаций в университетах по всей Южной Африке направлены на вовлечение исследователей, поддержку применения инноваций в университетах и продвижение их от концепции до применения в обществе. Исследование проводилось в соответствии с позитивистской исследовательской философией и дедуктивным подходом. Исследователи (n=38) на двух факультетах университета Нельсона Манделы приняли участие в этом предварительном исследовании и прошли онлайн-опрос. Респонденты отбирались путем целенаправленной выборки. Результаты и полученные данные показали, что необходимо сочетание стимулов для обеспечения и поощрения участия исследователей в коммерциализации исследований. Был предложен набор рекомендаций, основанных на выводах и предложениях по реализации. Следовательно, для обеспечения участия ученых в деятельности по коммерциализации требовалось использование денежных и неденежных стимулов.

Методы

Современный век - это не только век открытий глобализации, но и век эпохи образования, играющую особенно важную роль в обеспечении экономического развития и безопасности государства, а также в повышении качества и уровня жизни населения, тенденцию экономических изменения и определяя его место на мировом рынке, в мировом сообществе. Воспитание гражданина с интеллектуальным, здоровым, высокоразвитым мышлением, конкурентоспособным образованием в соответствии с международным уровнем всегда была

важнейшей стратегией государства. Поэтому, наряду с ранее сложившимися правилами, внедрение новых тенденций, новшеств в сферу образования является высоким требованием времени.

Таким образом, отметим следующее обоснование формирования готовности вуза к использованию научно - практических основ коммерциализации технологий в профессиональной подготовке обучающихся: развитие и саморазвитие обучающихся как объекта инновационного педагогического процесса, совершенствование педагогического процесса как объекта инновационной деятельности студента, построение модели деятельности технологии обучения коммерциализации технологий как субъекта педагогического процесса в саморазвитии с развитием личности студента, подготовка методики формирования готовности обучающихся вузов к коммерциализации технологии в системе непрерывного образования.

Для распознавания знаний, выявления активности молодежи и использования данных в процессе обучения их основ коммерциализации технологий нами разработана анкета среди обучающихся образовательных программ (ОП) бакалавра 6В01409 - Профессиональное обучение (Художественный труд и специальные дисциплины); 6В01408 - Изобразительное искусство и черчение (визуальное искусство, художественный труд, графика и дизайн), 6В02132 - Графический дизайн, 6В02133 - Дизайн костюма, 6В02131 - Декоративно-прикладное искусство и магистратуры 7М01409 - Профессиональное обучение (Художественный труд и специальные дисциплины), 6В07260 - Технология пищевых продуктов кафедры «Дизайн и технологии» Кызылординского университета имени Коркыт Ата.

Результаты

Итого в процессе анкетирования задействовано более 127 обучающихся студентов и магистрантов. Из них возраст обучающихся: 20-21 год составляет 33,9%, 18-19 лет - 50,4%, 16-17 лет - 11,8%, старше 22 лет - 3,9% (рисунок 1).




Рисунок 1. Возраст респондентов, участвующих в опросе

Диаграмма показала долю участия в опросе обучающихся по всем образовательным программам кафедры «Дизайн и технологии» (рисунок 2): по 17,3% составляют студенты ОП 6В01409 - Профессиональное обучение (Художественный труд и специальные дисциплины) и 6В01408 - Изобразительное искусство и черчение (визуальное искусство, художественный труд, графика и дизайн), 22,0% - студенты ОП 6В02132 - Графический дизайн, 16,5% - студенты ОП 6В02133 - Дизайн костюма, 9,4% - студенты ОП 6В02131 - Декоративно-прикладное искусство, остальные 17,5% - магистранты специальности 7М01409 - Профессиональное обучение (Художественный труд и специальные дисциплины) и студенты специальности 6В07260 - Технология пищевых продуктов.




Рисунок 2. Участие обучающихся образовательных программ кафедры в опросе

На вопрос - слышали ли раньше про коммерциализацию технологий- 57,8% респондентов ответили, что не слышали, а 34,9 % слышали. Остальные обучающиеся вообще затруднялись ответить (рисунок 3).




Рисунок 3. Осведомленность опрошенных обучающихся про коммерциализацию технологий

А на вопрос «Считаете ли Вы себя финансово грамотным человеком? Дайте оценку своим знаниям» 54,3% обучающихся ответили: «У меня есть достаточные знания», а 20,5% - «Очень хорошо знаю». К сожалению, 11% молодых респондентов признались, что у них нет знаний и умений по финансовой грамотности, а 13,4% опрошенных вообще затруднялись ответить на этот вопрос (рисунок 4).




Рисунок 4. Мнение обучающихся о своей финансовой грамотности

Обсуждение

Поэтому, основываясь на результаты анкеты и на собственный опыт активной деятельности в Офисе коммерциализации технологий Кызылординского университета имени Коркыт Ата, представляем некоторые проблемы и реалии, с которыми сталкиваются организации по коммерциализации технологий.

Для этого определим, кто является основными участниками-разработчиками и инвесторами - при коммерциализации технологий в образовательном учреждении.

Встречающиеся категории разработчиков проектов делится на:

- научные направления и научно-исследовательские направления с уже имеющимися источниками финансирования;
- научные организации без спонсирующих инвесторов, но с хорошим потенциалом по их поиску;
- малые инновационные компании без оборотных средств;
- выбывшие по различным причинам из организаций одиночки, но с риском для себя патентующих идеи.

Но время показало, что требуется сплоченный коллектив или организация для решения вопросов по коммерциализации технологий.

Лицо, занимающееся наукой, ищет инвесторов, обращаясь в такие организации, как АО «Фонд науки», АО «НУХ «Байтерек», АО «Национальное агентство по развитию инноваций «QazInnovations» (ранее АО «Центр инжиниринга и трансферта технологий»), АО «ФРП ДАМУ» и другие международные, венчурные фонды, определенные компании, спонсирующие НИР для собственных нужд. Авторы считают, что каждый обучающийся должен знать эти организации для нахождения путей реализации творческих и исследовательских начинаний.

Если говорить о проблемах коммерциализации казахстанских технологий, то они возникают у ученых при исследовании технологий, и заканчиваются внедрением их в производство и реализацию. К ним можно отнести:

- при поиске исследования трудности выбора из многоотраслевой области науки конкретного направления;
- недостатки в коммерческих оценках отечественных проектов, то есть коммерциализации запатентованных изобретений и идей авторов;
- недостатки и недоработки при создании экспериментального образца;
- слабый уровень юридических вопросов среди разработчиков по трансферу технологий.

Следовательно, имеются проблемы недоверия изобретателей самим инвесторам.

Если говорить об особенностях же коммерциализации технологий в Республике Казахстан [Sevost'yanov M.A., 2021], то сюда можно отнести имеющееся преимущество свободной ниши для деятельности в области коммерциализации местных технологий, благодаря этому наличие нераскрытых потенциалов казахстанских ученых и, следовательно, существование у них большой базы неиспользованных идей. Следующей особенностью является доступность технологий для зарубежных стран вследствие их низкой стоимости и недорогих цен на лицензирование изобретений и ноу-хау.

В настоящее время для заинтересованности в инновационной активности молодых обучающихся, что является большим потенциалом для развития экономики в республике, соблюдается ряд законов и постановлений правительства, что позволяет не только зрелым ученым, но и студента, магистрантам, докторантам пользоваться инструментами господдержки новых идей.

Выводы

В заключение необходимо указать, что, двигаясь за мировым уровнем и преодолевая все встречающиеся препятствия на пути коммерциализации технологий у казахстанской высшей школы в процессе обучения молодежи основам этого направления, имеет неплохое начало. Тем не менее, поскольку проведенное исследование является междисциплинарной

проблемой, невозможно адекватно охватить все ее направления в рамках одного исследования. Наша работа раскрывает только один аспект этого очень сложного процесса. Уместно отметить, что в образовательном процессе высшей школы актуальна проблема, требующая всестороннего изучения коммерциализации технологий в вузе как фактора повышения активности обучающихся.

Сегодня в Казахстане не так много примеров успешной коммерциализации технологий, связанное с тем, что у участников коммерциализации технологий не совсем правильные представления о механизмах использования текущего рынка объектов интеллектуальной собственности и возможности их использования. Но в то же время необходимо студентам, магистрантам, докторантам, а так же ученым университета налаживать сотрудничество с бизнесом и коммерциализировать свои научные достижения, проявлять себя в вопросах лицензирования интеллектуальной собственности. Требуется дальнейшие исследования и поддержка обучающихся, а также самих преподавателей и ученых, особенно в вопросах использования изобретателями интеллектуальной собственности относительно молодой Республики Казахстана, подающих большие надежды на будущее.

Список использованных источников

- Заседание Правительства Республики Казахстан (14.02.2023) [Электронный ресурс]: URL: <https://www.youtube.com/watch?v=BYDzdJ8G8tw> (дата обращения: 14.02.2023).
- TuY., YeJ., YangG., ZangY., ZhangL., WangY., YanW (2023) Slot-die coating fabrication of perovskite solar cells toward commercialization. *Journal of Alloys and Compounds*, 942 [Электронный ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jallcom.2023.169104> (дата обращения: 17.02.2023).
- Hsu D.H., Kuhn J.M. (2023) Academic stars and licensing experience in university technology commercialization. *Strategic Management Journal*, 44(3), 887-905 [Электронный ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1002/smj.3458> (дата обращения: 17.02.2023).
- Смайылов Ә. Қазақстанда отандық ғылыми жобаларды экономикада қолдану кеңейтіледі (14.02.2023) [Электронный ресурс]: URL: <https://primeminister.kz/kz/news/azastanda-otandy-ylymi-zhobalardy-ekonomikada-oldanu-keeytiledi-23033> (дата обращения: 17.02.2023).
- Morozov A.N. (2022) Effect of antitrust on innovative development with a different degree of intellectual property protection. *Voprosy Ekonomiki*, 9, 93-108 [Электронный ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.32609/0042-8736-2022-9-93-108>. URL: <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-5137483620&doi=10.32609%2f0042-8736-2022-9-93-108&partnerID=40&md5=9d6fe1ec66b050d113468e28e94dbc97> (дата обращения: 27.02.2023)
- Wagner G.A., Bologna Pavlik J. (2020) Patent intensity and concentration: The effect of institutional quality on MSA patent activity. *Papers in Regional Science*, 99 (4), 857-898 [Электронный ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1111/pirs.12515>. URL: <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85081752055&doi=10.1111%2fpirs.12515&partnerID=40&md5=6a50c8eaeb718f4bc60a6ec766ed72f4> (дата обращения: 27.02.2023).
- Kur A., Maunsbach U. (2019) Choice of law and intellectual property rights. *Oslo Law Review*, 6(1), 43-61 [Электронный ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.18261/issn.2387-3299-2019-01-07>. URL: <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85071888416&doi=10.18261%2fissn.2387-3299-2019-01-07&partnerID=40&md5=9bccb6e5aa6270d8799fc0fec4a5470d> (дата обращения: 27.02.2023).
- Gao F., Zhong R. (2023) Information environment and interfirm alliance. *Review of Quantitative Finance and Accounting*, 60(2), 643-677 [Электронный ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1007/s11156-022-01105-4>. URL: <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85139211321&doi=10.1007%2fs11156-022-01105-4&partnerID=40&md5=4fd83823d8d4daacd9acd4c4dd00b7f1> (дата обращения: 27.02.2023).

- Benslimane I., Crosetto P., Magni-Berton R., Varaine S. (2023) Intellectual property reform in the laboratory. *Journal of Economic Behavior and Organization*, 206, 204-221: [Электронный ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jebo.2022.12.005>. URL: <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85144764585&doi=10.1016%2fj.jebo.2022.12.005&partnerID=40&md5=c2d7165a4527e9a213f263737d7f6a65> (дата обращения: 27.02.2023).
- Ramli T.S., Ramli A.M., Mayana R.F., Ramadayanti E., Fauzi R. (2023) Artificial intelligence as object of intellectual property in Indonesian law. *Journal of World Intellectual Property* [Электронный ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1111/jwip.12264>. URL: <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85148017315&doi=10.1111%2fjwip.12264&partnerID=40&md5=0293ad803d13f6cddc553aea4ff58aa7> (дата обращения: 27.02.2023).
- Khong D.W.K., Mon S.W. (2023) Artificial intelligence as a common heritage of mankind. *UUM Journal of Legal Studies*, 14(1), 113-139 [Электронный ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.32890/uumjls2023.14.1.5>. URL: <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85148242257&doi=10.32890%2fuumjls2023.14.1.5&partnerID=40&md5=a5d42d4aa76c8cf94c9bd4dff75dff42> (дата обращения: 27.02.2023).
- Tang H., Xie Y., Liu Y., Boadu F. (2023) Distributed innovation, knowledge re-orchestration, and digital product innovation performance: the moderated mediation roles of intellectual property protection and knowledge exchange activities. *Journal of Knowledge Management*. [Электронный ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1108/JKM-07-2022-0592>. URL: <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85147516171&doi=10.1108%2fJKM-07-2022-0592&partnerID=40&md5=73f9e745a3b1285de214f6de9b5180a6> (дата обращения: 27.02.2023).
- Addo S., Tyagi P., Mutunga E. (2022) Assessing Awareness level of Engineering Graduate Students about Innovation Commercialization at Historically Black Colleges and Universities. *ASEE Annual Conference and Exposition, Conference Proceedings* [Электронный ресурс]: URL: <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85138259071&partnerID=40&md5=c88a0495882a4e3af9c458d9083f39e6> (дата обращения: 27.02.2023).
- Cullen M.D.M., Calitz A.P., Chetty M.-A. (2020) Factors affecting researcher participation in technology commercialisation: A South African university case study. *Southern African Journal of Entrepreneurship and Small Business Management*, 12(1), 1-12 [Электронный ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.4102/SAJESBM.V12I1.329>. URL: <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85099004203&doi=10.4102%2fSAJESBM.V12I1.329&partnerID=40&md5=832120765b118a6867aa647b422a2e04> (дата обращения: 27.02.2023).
- Sevost'yanov M.A., Lysenkov A.S. (2021) New materials and advanced technologies: Sixth interdisciplinary scientific forum. *Russian Journal of Inorganic Chemistry*, 66(8), 1055-1056 [Электронный ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1134/S0036023621080258> (дата обращения: 14.02.2023).

References

- Meeting of the Government of the Republic of Kazakhstan (14.02.2023) [Electronic resource]: URL: <https://www.youtube.com/watch?v=BYDzdJ8G8tw> (date of access: 14.03.2023).
- TuY., YeJ., YangG., ZangY., ZhangL., WangY., YanW (2023) Manufacturing of coatings from perovskite solar cells by slot stamping on the way to commercialization. *Journal of Alloys and Compounds*, 942 [Electronic resource]: DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jallcom.2023.169104> (date of access: 17.02.2023).
- Hsu D.H., Kuhn J.M. (2023) Academic titles and experience in licensing commercialization of university technologies. *Journal of Strategic Management*, 44(3), 887-905 [Electronic resource]: DOI: <https://doi.org/10.1002/smj.3458> (date of access: 17.02.2023).

- Smayylov A. Kazakhstan otandyk gylym zhobalardy ekonomikada koldan keneitiledi (2023) [Electronic resource]: URL: <https://primeminister.kz/kz/news/azastanda-otandy-ilymi-zhobalardy-ekonomikada-oldanu-keeytiledi-23033> (date of access: 17.02.2023).
- Morozova. N. (2022) The impact of antimonopoly legislation on innovative development with varying degrees of intellectual property protection. *Questions of Economics*, 9, 93-108 [Electronic resource]: DOI: <https://doi.org/10.32609/0042-8736-2022-9-93-108>. URL: <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-5137483620&doi=10.32609%2f0042-8736-2022-9-93-108&partnerID=40&md5=9d6fe1ec66b050d113468e28e94dbc97> (date of access: 27.02.2023).
- Wagner G.A., Bologna Pavlik J. (2020) Intensity and concentration of patents: the impact of institutional quality on the patent activity of MSA. *Papers in Regional Science*, 99(4), 857-898 [Electronic resource]: DOI: <https://doi.org/10.1111/pirs.12515>. URL: <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85081752055&doi=10.1111%2fpirs.12515&partnerID=40&md5=6a50c8eae718f4bc60a6ec766ed72f4> (date of access: 27.02.2023).
- Kur A., Mounsbach U. (2019) Choice of Law and Intellectual Property Rights. *Oslo Law Review*, 6(1), 43-61 [Electronic resource]: DOI: <https://doi.org/10.18261/issn.2387-3299-2019-01-07>. URL: <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85071888416&doi=10.18261%2fissn.2387-3299-2019-01-07&partnerID=40&md5=9bccb6e5aa6270d8799fc0fec4a5470d> (date of access: 27.02.2023).
- Gao F., Zhong R. (2023) Information environment and inter-firm alliance. *Review of Quantitative Finance and Accounting*, 60(2), 643-677 [Electronic resource]: DOI: <https://doi.org/10.1007/s11156-022-01105-4>. URL: <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85139211321&doi=10.1007%2fs11156-022-01105-4&partnerID=40&md5=4fd83823d8d4daacd9acd4c4dd00b7f1> (date of access: 27.02.2023).
- Bensliman I., Crosetto P., Magni-Burton R., Varane S. (2023) Intellectual Property reform in the Laboratory. *Journal of Economic Behavior and Organization*, 206, 204-221 [Electronic resource]: DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jebo.2022.12.005>. URL: <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85144764585&doi=10.1016%2fj.jebo.2022.12.005&partnerID=40&md5=c2d7165a4527e9a213f263737d7f6a65> (date of access: 27.02.2023).
- Ramli T.S., Ramli A.M., Mayana R.F., Ramadayanti E., Fawzi R. (2023) Artificial intelligence as an object of intellectual property in Indonesian legislation. *Journal of World Intellectual Property* [Electronic resource]: DOI: <https://doi.org/10.1111/jwip.12264>. URL: <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85148017315&doi=10.1111%2fjwip.12264&partnerID=40&md5=0293ad803d13f6cddc553aea4ff58aa7> (date of access: 27.02.2023).
- Khong D.V.K., Mon S.V. (2023) Artificial intelligence as a common heritage of mankind. *UUM Journal of Legal Studies*, 14(1), 113-139 [Electronic resource]: DOI: <https://doi.org/10.32890/uumjls2023.14.1.5>. URL: <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85148242257&doi=10.32890%2fuumjls2023.14.1.5&partnerID=40&md5=a5d42d4aa76c8cf94c9bd4dff75dff42> (date of access: 27.02.2023).
- Tang H., Xie Yu., Liu Yu., Boado F. (2023) Distributed innovation, knowledge reorganization, and the effectiveness of digital Product Innovation: Moderate Intermediary roles in intellectual property protection and knowledge sharing activities. *Knowledge Management Journal*. [Electronic resource]: DOI: <https://doi.org/10.1108/JKM-07-2022-0592>. URL: <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85147516171&doi=10.1108%2fJKM-07-2022-0592&partnerID=40&md5=73f9e745a3b1285de214f6de9b5180a6> (date of access: 27.02.2023).
- Addo S., Tyagi P., Mutunga E. (2022) Assessment of the level of awareness of engineering graduate students about the commercialization of innovations in historically black colleges and universities. *ASEE Annual Conference and Exposition, Conference Materials* [Electronic

resource]: [URL:https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85138259071&partnerID=40&md5=c88a0495882a4e3af9c458d9083f39e6](https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85138259071&partnerID=40&md5=c88a0495882a4e3af9c458d9083f39e6) (date of access: 27.02.2023).

Cullen M.D.M., Kalitz A.P., Chetti M.-A. (2020) Factors influencing the participation of researchers in the commercialization of technologies: a case study of the University of South Africa. *South African Journal of Entrepreneurship and Small Business Management*, 12(1), 1-12 [Electronic resource]: DOI: <https://doi.org/10.4102/SAJESBM.V12I1.329>. URL: <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85099004203&doi=10.4102%2fSAJESBM.V12I1.329&partnerID=40&md5=832120765b118a6867aa647b422a2e04> (date of access: 27.02.2023).

Sevostyanov M.A., Lysenkova S.S. (2021) New materials and advanced technologies: The Sixth Interdisciplinary Scientific Forum. *Russian Journal of Inorganic Chemistry*, 66(8), 1055-1056 [Electronic resource]: DOI: <https://doi.org/10.1134/S0036023621080258> (date of access: 14.02.2023).

Жоғары оқу орнындағы технологияларды коммерцияландыру білім алушылардың белсенділігін арттыру факторы ретінде

**¹R.P.Орынбаева, ¹Л.К.Шильдебаета*

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда, Қазақстан)

Аңдатпа

Бүгінгі таңда Қазақстанда технологияларды коммерцияландыруға қатысушылардың зияткерлік меншік объектілерінің ағымдағы нарығын пайдалану тетіктері және оларды пайдалану мүмкіндіктері туралы дұрыс түсініктері болмауына байланысты технологияларды табысты коммерцияландырудың көптеген мысалдары жоқ. Сондықтан, осы мақаланың мақсаты оқыту процесінде технологияларды коммерцияландыру негіздерін университет студенттерінің белсенділігін арттыру және танымдық қызметін дамыту факторы ретінде пайдалану болып табылады. Жұмыста технологияларды коммерцияландыру процесінде ұйымдар кездесетін кейбір мәселелер мен мәселелер келтірілген. Әлемдік деңгейде жүріп, технологияларды коммерцияландыру жолындағы барлық кедергілерді еңсере отырып, қазақстандық жоғары мектепте жастарды осы бағыттың негіздеріне оқыту процесінде жақсы бастама бар. Бірақ сонымен бірге студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сондай-ақ университет ғалымдарына бизнеспен ынтымақтастық орнату және өздерінің ғылыми жетістіктерін коммерцияландыру, зияткерлік меншікті лицензиялау мәселелерінде өзін көрсету қажет.

Түйін сөздер: технологияларды коммерцияландыру, ЖОО білім алушылары, сауалнама, зияткерлік меншік, белсенділікті арттыру.

Commercialization of technologies in higher education as a factor in increasing the activity of students

**¹R.Orynbayeva, ¹L.Shildebayeva*

¹Korkyt Ata Kyzylorda University (Kyzylorda, Kazakhstan)

Abstract

There are not so many examples of successful commercialization of technologies in Kazakhstan today, due to the fact that the participants in the commercialization of technologies have not quite the right ideas about the mechanisms of using the current market of intellectual property objects and the possibility of their use. Therefore, the purpose of this article is to use the basics of technology commercialization in the educational process as a factor in increasing the activity and development of cognitive activity of university students. The document presents some of the challenges faced by organizations in the process of technology commercialization. Moving beyond the world level and overcoming all the obstacles encountered on the way to commercialization of technologies, Kazakhstan higher school in the process of teaching young people the basics of this direction has a good start. But at the same time, students, undergraduates, doctoral students, as well as university scientists need to establish cooperation with business and commercialize their scientific achievements, prove themselves in matters of intellectual property licensing.

Keywords: commercialization of technologies, university students, questionnaires, intellectual property, increased activity.

Поступила в редакцию: 26.03.2023

Одобрена: 24.05.2023

Первая публикация на сайте: 25.07.2023

МРНТИ: 14.35.07

<https://doi.org/10.65247/3105-3432-2024-2.11>

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП ПЕДАГОГТЕРІНІҢ КӘСІБИ-БАҒДАРЛЫ МЕДИАБІЛІМДЕРІН ДАМУЫ

*¹Г.БЕКБОЛАТ^{ORCID}, ¹Қ.Б.ЖАНАДИЛОВА^{ORCID}

Ш.Уәлиханов Көкшетау университеті

(Көкшетау, Қазақстан)

*Ernar30062011@mail.ru, jdairova@yandex.ru

Аңдатпа

Бұл мақалада «медиабілім беру» ұғымының қазіргі қоғамдағы маңыздылығы мен өзектілігі жөнінде ақпарат ұсыналады. Шет ел ғалымдарының тұжырымдамалары қарастырылады. Болашақ бастауыш сынып педагогтерінің кәсіби-бағдарлы медиабілімдерін дамытудың маңызы жөнінде айтылады. Сондай-ақ, болашақ бастауыш сынып педагогтерінің медиабілімдерін дамыту міндеттері мен бастауыш мектеп оқушыларының бұқаралық ақпараттарды қабылдауда оны түсінуге, оның оқушы психикасына кері ықпалы мен әсерін, ақпаратты анализдеуге оған сыни көзқараспен қарауға, техникалық құралдар мен ақпараттық технологиялар арқылы вербальды емес (үнсіз байланыс, ымишара) үлгісіндегі қарым-қатынас ету әдістері мен тәсілдерін үйретуді көздейді. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпараттар оқушылардың жас ерекшелігі мен психологиялық тұрғыдан қабылдауына лайықталмағандықтан, болашақ бастауыш сынып педагогтері оқушыларды мағлұматтарды дұрыс қабылдай білудің маңыздылығы жөнінде түсіндіріледі.

Түйін сөздер: бастауыш сынып педагогтері; медиабілім; кәсіби-бағдарлы медиабілім; медиа сауаттылық; медиабілімді дамыту.

Кіріспе

Еліміздегі болып жатқан ғылым болсын, мәдениет болсын, қай бағытты қарастырсақ та, жасалып жатқан шаралардың негізгі мақсаты- өсіп келе жатқан жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру процесінде жоғары деңгейге жетуге түрткі болу. Бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелеу үшін ең бірінші кезекте білім сапасын көтеру қажет. Ол үшін болашақ педагогтер ақпараттық мәдениетті толық меңгерген болуы шарт. Ақпараттық біліктілігі жоғары санатта дамыса ғана, білім де соғұрлым сапалы болмақ. ХХІ ғасыр ақпараттық ғасыр болғандықтан қазіргі жоғарғы оқу орындарының алдында тұрған міндеттің бірі – болашақ бастауыш сынып педагогтерінің кәсіби бағдарлы медиабілімдерін дамыту. Білімалушылардың ақпараттық технологияларды дұрыс пайдалануыларымен қатар, медиабілімін жоғарлату жолында медиа сауаттылықты да талап етеді. Бұл заңды құбылыс, яғни педагогтердің медиабілімдерін дамыту – ғылыми тұрғыдан зерделеуді де қажет ететіні сөзсіз. Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» – атты Қазақстан еліне Жолдауында Қазақстан азаматтарының сауаттылығын және цифрлық біліктілігін жақсарту мақсатында Үкіметке Үздіксіз білім беру тұжырымдамасын әзірлеуді бұйырды және онда өз еркімен өз бетінше оқу нәтижелері және кәсіби дағды мәселелерін қарастыру қажеттігі туралы айтылған [Тоқаев Қ., 2020]. Бұл өз кезегінде, медиабілімнің зерттелуі маңызды екенін көрсетеді. Және оның дамуына мән беруді басшылыққа алуды қажет етеді. Ендеше, «медиабілім» ұғымының мағынасына шолу жасасақ.

«Медиабілім беру» түсінігіне анықтама беруде кездесетін екі қате тұжырымдама: біріншіден, медиабілім беру бұл ақпараттандырумен байланысты, сондықтан оның негізгі мақсаты - қазіргі заманғы компьютерлерді, басқа да бағдарламалар мен сандық құрылғыларды пайдалануды үйрету деп санайды. Екіншіден, медиабілім беру бұл - ақпарат құралдарының әрекет жасау тетіктерін және мүмкіндіктерін білу және оның қоғамға әсер етуінің салдары деп қарастырады. Осы орайда, ресейлік ғалым А.В.Федоровтың еңбектеріндегі медиабілім түсінігінің мазмұнына тоқталсақ: «Медиабілім - бұл тұлғаның БАҚ көмегімен даму үдерісі. Оның мақсаты ретінде: медиамен әрекет жасаудың әлеует-мәдениетін, шығармашылығын, сонымен қоса, коммуникативтік қабілеттерді, сыни тұрғыдан ойлаудың қалыптасуын реттеу. Медиамәтінді толық түсініп қабылдау, интерпретациялау. Оны талдау және бағалай білу дағдылары мен медиатехника арқылы өзін-өзі танып білудің әртүрлі үлгілерін меңгерту», - деп, тұжырымдалған. Ал Батыс Еуропалық, ресей ішілік медиапедагогтардың жұмыстарын қарастыратын болсақ, «Білім алушылардың ақпараттық мәдениетін медиабілім беру арқылы қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» деген ғылыми-зерттеу жұмысын талдасақ. «Медиабілім» түсінігіне келесідей анықтама ұсынған: «Медиабілім – білімалушылардың коммуникация заңдылықтарын оқуын қолдайтын, сондай-ақ қазіргі бұқаралық коммуникация құралдарын игеру мақсатындағы теориялық білім мен практикалық дағдыларды меңгертуге бағытталған педагогикадағы бағыт» деп атаған [Абдиркенова А.К., 2018] .

Негізгі бөлім

Медиабілім (ағылшын тілінен аударғанда, media – ақпарат құралы, education - білім) – бұқаралық ақпарат коммуникацияның тұжырымдамаларын және қағидасын оқытады. Ұтымды медиақұралдарды іріктеп алуға, медиамәтінді сыни талдауды үйретеді. Кез келген ақпараттарды талдаудың эстетикалық талғаммен мүмкіндіктерін дамытуды көздейтін, өзіндік жеке дара медиамәтін жасау дағдысын игертетін педагогика ғылымының аса маңызды саласы. Осыдан шығатын қорытынды, медиабілім беру ол - алған ақпаратты талдау, саралау, анализ жасау. Бұқаралық ақпарат құралдарынан тәуелсіз болуды қол жеткізу. Қазіргі қоғамдағы коммуникациялық процесстерде білімалушыларды жауапты қатысушыларға айналдыру болып табылады. Болашақ бастауыш сынып педагогтерінің медиабілімдерін дамыту міндеттеріне: педагог бастауыш мектеп оқушыларының бұқаралық ақпараттарды қабылдауда оны түсінуге, оның оқушы психикасына кері ықпалы мен әсірін, ақпаратты анализдеуге оған сыни көзқараспен қарауға, техникалық құралдар мен ақпараттық технологиялардың есебінен вербальды емес (ымишара) түріндегі қарым-қатынас жасаудың әдіс-тәсілдерін үйретуді көздейді. Соның нәтижесінде медиасауатты тұлғалардың қалыптасуына жол ашамыз.

Медиасауатты адам дегеніміз-медиамаәтіндерді қабылдау, талдау, бағалау және құру, қазіргі әлемдегі БАҚ қызметінің әлеуметтік-мәдени және саяси контекстін жүйелі түсіну қабілеті дамыған адамды атаймыз [Федоров А.В., 2003]. Жас ұрпақтың медиасауаттылығы, олардың көзі ашық, көкірегі ояу екендігінің көрсеткіші. Себебі медиасауатты адам ғана, өзін бұқаралық ақпарат құралдарының манипуляциясынан қорғай алады. Ақпараттық ағым қоғамында өзін бағдарлай алады. Ал ақпаратты дұрыс қабылдауға үйренбеген адам, әртүрлі ақпаратты толық түсініп, талдай алмайды. Сәйкесінше, ақпараттар легінің манипуляциясына қарсы тұра алмайды. Өз ойын, өз сезімін өздігінен жеткізе алмайды. Ондай адамның жақсы нәтижеге жетуі күмәнді.

Осы орайда, әлемдік медиабілім берудің медиапедагогтардың бірігейі Л.Мастерманның табысты медиабілім беру жүруі үшін, келесідей шарттар орындалуы қажет деп атап көрсеткен:

- педагог оқытудың мақсатын жіті түсінуі керек;
- білімалушылардың жеке ойларын есепке ала отырып, жету керек мақсаттарды талқылау;
- ұйымдастырылатын сабақтардың мақсаттарын, жүйелілігін тексеріп отыру және талдаудың маңызды екенін айтқан.

Сондай-ақ, Л.Мастерман медиабілім берудің 18 принциптерін атап көрсетеді:

- 1) медиабілім беру – демократиялық қоғамның көптеген әлеуметтік құрылымдарымен байланысты маңызды және маңызды саласы ретінде;
- 2) медиабілім берудің орталық концепциясы қайта ойлау/көрсету болып табылады. БАҚ шындықты көрсетпейді, бірақ белгілер мен белгілер жүйесін пайдалана отырып, оны қайта түсіндіреді/көрсетеді. Осы принципсіз медиабілім беруді елестету қиын;
- 3) медиабілім беру – адаммен өмір бойы жүретін процесс, бірақ медиабілім беруде білімалушылардың білім алу әрекеті аудитория түрінде басым болып табылуы қажет;
- 4) медиабілім берудің мақсаттары сыни ойлауды ғана емес, сонымен қатар сыни дербестікті дамыту болып табылады;
- 5) медиабілім беру – зерттеу процесін ретінде;
- 6) медиабілім өзекті және уақытылы, тарихи өткен және қазіргі кезеңдерді де қамтиды;
- 7) медиабілім берудің негізгі тұжырымдамалары балама мазмұнға қарағанда аналитикалық құралдар болып табылады;
- 8) медиабілім берудегі мазмұн ауыспалы аналитикалық құралдарды әзірлеуді білдіреді;
- 9) медиабілім берудің тиімділігін екі критерий бойынша бағалауға болады: білімалушылардың сыни тұрғыдан ойлауын жаңа жағдайларда қолдана алу қабілеті және олар көрсеткен міндеттеме мен мотивацияның көлемі ретінде.
- 10) дұрысы, білімалушылардың медиабілімін бағалау олардың өзін-өзі бағалауы болып табылады;
- 11) медиабілім беру педагог пен білімалушылардың арасындағы қарым-қатынасты өзгертуге тырысады, оларға рефлексия мен диалог жүргізуге мүмкіндік береді;
- 12) медиабілім – бұл пікірталасқа қарағанда диалог құруға жәрдемдеседі;
- 13) медиабілім беру негізінен белсенді және ашық және демократиялық педагогтерді дамытуға арналған. Қорыта айтқанда, медиабілім беру - бұл әртүрлі жаңа әдістерді жасау және оларды жаңа салаларда қолдану;
- 14) медиабілім бірлескен, негізінен топтық, оқытуға бағытталған;
- 15) медиабілім беру «практикалық сын» және «сыни тәжірибеден» тұрады;
- 16) медиабілім беру ата-аналар, БАҚ мамандары және педагогтер арасындағы қарым-қатынасты қамтиды;
- 17) медиабілім беру үздіксіз өзгерістер принципімен байланысты;
- 18) медиабілім беру ерекше сала болып табылады. Себебі қолданыстағы білімді педагогтер жай ғана жеткізбейді, білімалушылар бірге сыни талқылап, қарым-қатынасқа түседі [Мастерман Л., 1985].

Бельгиялық мектептерде медиабілім беруді, жоғары оқу орындарындағы медиабілім берусіз елестету қиын. Жоғары оқу орындарында білім алушылар лекция сабақтарында медиабілім беруді арнайы курс ретінде оқытады. Жоғары оқыту орындарындағы лекциялар мен практикалық сабақтарда бельгиялық студенттер, соның ішінде болашақ педагогтер, медиа мәдениеттің теориясы мен тарихын, медиабілім берудің негізгі тұжырымдамаларын зерттейді, медиамәтіндерді (газеттер мен интернеттегі мақалалар, бейнелер, радио/теледидар бағдарламалары, т.б.) талдайды. Осы арқылы медиа мәтіндерді талдауға, анализ жасауға жаттығады.

Болашақ педагогтердің кәсіби біліктерді меңгерумен қатар, шектен тыс көп ақпараттың ішінен қажеттісін тауып, оны талдап, тұжырымдап, өз тәжірибесінде жаңаша жүйеде қолдана білуі, медиабілімін дамыту басты мақсат болып табылады. Қазіргі білім беру жүйесінде медиақұралдарды пайдалана отырып, медиабілімді дамыту ақыл-ой белсенділігі, сын тұрғысынан ойлау және коммуникативтік қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады. Уақыт өте келе цифрлық әлемде медиабілім беру оқу бағдарламасының дәстүрлі аспектілерін оқыту құралы түрінде ғана, сонымен бірге сауаттылықтың негізгі құрамдас бөлігі ретінде сапалы оқытудың маңызды бөлігі болып табылуда.

Бүгінгі күні цифрландырудың әсерін, маңыздылығын, медиабілім және медиақұзыреттілігін, цифрландыруды пайдаланудың сауаттылығын кеңінен айтуға болады. Өйткені, қазір ақпарат, құжаттар, кітаптар мен журналдар электронды ортаға жүктеледі. Осылайша, ақпаратқа қол жеткізу әртүрлі болады және қолжетімділік шектеулері жойылады. Жаһандану кезеңіндегі келіп түсіп жатқан ақпараттар БАҚ ұсынған үлгіде ғана қабылданып, адам санасында оны талдау жүргізіп үлгермеуде. Себебі ақпараттар легі толассыз. Бұл өз кезегінде тұлға дамуына кері әсер етеді. Әсіресе, кіші мектеп жасындағы балалар үшін ақпараттар жас ерекшелігіне және оқушының сезімталдығына сай болмайды. Сәйкесінше, болашақ бастауыш сынып педагогтерінің кәсіби-бағдарлы медиабілімдерін дамытуда цифрландыру үдерісі басты маңызға ие. Цифрландыру - адам болмысының және күнделікті өмірінің барлық диалектикалық элементтерін толықтырады. Уақыт, кеңістік, сәйкестік, өзіндік, байланыс, тұтыну, өндірістік процестер мен құбылыстар енді тәуелсіз құндылықтар болып табылмайды. Олар цифрландыру арқылы қайта құрылуда. Барлық портативті, стационарлық және алып жүретін технологиялар күнделікті өмірдің элементтерінде көрінуде. Бұл көрнекілік нақты формацияларды жүзеге асыруда да, әлеуметтік-психологиялық қызметте де көрінеді. Ақпарат пен коммуникацияға негізделген желілер күнделікті өмірді ұйымдасқан жүйеге айналуға. Бүгінгі таңда медиабілім беру білім беру мақсатында БАҚ мүмкіндіктерін дұрыс және саналы түрде пайдалануға мүмкіндік беретін жеке немесе біріктірілген пән ретінде қарастырылады. Медиабілім беру арқылы адамдар медиа мәдениетті жақсы түсініп, сыни тұрғыдан ойлап, айла-шарғыға және манипуляция іс-әрекетіне төзімді бола алады.

Күнделікті өмірде ақпараттық цифрландыру мемлекеттік және жеке мекемелердің, үйде жұмыс істеу, денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қызметтер, ойын-сауық секторы мен күнделікті өмірдің жұмыс істеу тетіктерінің жұмысында көбірек көрініс тауып отыр.

Әдістер

Адамзат үшін ХХІ ғасыр – технологиялық өзгерістердің жылдамдайтын ғасыры. Компьютерлер мен интернеттің пайда болуымен ақпаратқа қол жеткізу жеңілдеп, технологиялық қолданбалар күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналды. Осы процестің арқасында сандық медиа – дәуірдің жаңа медиасы – біздің өмірімізге дәл осындай жылдамдықпен енді. Бүгінгі таңда цифрландыру феномені адамдарды білім беруге немесе әртүрлі платформаларға тартады. Сонымен қатар, цифрландыру көптеген адамдарға ыңғайлы болумен қатар, қолжетімділік пен байланыс сияқты салаларда қолайлылық әкелді. Осылайша, бұл жағдай білім беру мен оқытудағы мүмкіндіктерді тудырды [Федоров А.В., 2005]. Яғни, медиабілім – БАҚ және медианы, өзге де ақпарат көздерін ұтымды пайдалануда өмір бойы оқу дағдыларын дамытады, бұлар болашақ педагогтердің әлеуметтенуі үшін аса қажетті дағдылардың бірі екендігін дәлелдеп отыр. Жиырма бірінші ғасырда өсіп келе жатқан қазіргі ұрпақ ақпарат пен ойын-сауық көздерін, сондай-ақ қарым-қатынас пен пікір алмасу құралдарын қоса алғанда, ақпарат құралдарының толық спектрін түсінуі керек. Оқушыларға түсіндіру, сіңіру жұмысын жүзеге асырушы болашақ бастауыш сынып педагогтері бұл қызметті оқушыларға жеткізе білуі тиіс.

«Медиатеоретиктердің бірегейі ең беделді Л.Мастерман қазіргі әлемдегі медиабілімнің басымдығы мен аса маңыздылығын анықтайтын 7 себепті анықтады:

Бірінші - медианы қолданудың жоғарғы деңгейі және қазіргі күнделікті өмірде БАҚ-ның шамадан тыс көптігі.

Екінші - медианың идеологиялық тұрғыдан басымдылығының болуы. Өнеркәсіптің саласы ретінде аудиторияның санасына әсері.

Үшінші - медиаақпарат санының аса жылдамдықпен өсуі. Медиаақпаратты басқару және тарату тетіктерінің ұлғаюы.

Төртінші - медианың ену интенсивтілігі, әсіресе негізгі демократиялық процестерден көрініс табуы. Медиабілімді шыңдаудағы кітаптың әсері .

Бесінші - кез келген салада, визуалды коммуникация болсын, ақпараттардың маңызды болуының арта түсуі.

Алтыншы - қазіргі талаптарға сай білімалушыларға бағдарланған оқытудың қажеттілігінің туындауы.

Жетінші - ұлттық және халықаралық түрде ақпаратты жекешелендіру процестерінің артуы » [Қойлыбай Ә.Ә., 2019] деп жіктеп көрсеткен.

Сондықтан қазіргі даму үстіндегі білім беру процесінде медиабілім бұрын сонды болмаған үлкен сұранысқа ие болып отыр. Медиабілім беру-мұғалімдер дайындаудың тиімділігі мен сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде мұғалімнің білім беруде жаңа бағытпен жұмыс жасауы қажет екенін көрсетеді. Ғылыми басылымдар мен педагогикалық тәжірибелерді талдау нәтижесінде ақпараттық қоғамда болашақ педагогтердің медиабілімін дамыту қажеттілігі мен білім беру саласындағы педагогтердің тәжірибелік дайындығының нақты жағдайы арасында сәйкессіздік бар екенін көрсетеді. Болашақ педагогтерге медиабілім беруді қалыптастыру үдерісін тиімді ұйымдастырудың ғылыми негізделген педагогикалық шарттарын анықтауды және сынауды талап ететін бұл қайшылықты шешу жолдарын табу қажеттігі тұр.

Осы тұста, К.Бээлгэттің пікірі бойынша, медиабілім берудің дамуын шектейтін 5 факторды ескеруіміз керек. Олар:

- медиабілім беру барлық педагогтерге емес, энтузиастарға сүйенеді;
- медиабілім беруде жеткен жетістіктердің айқын, анық еместігі;
- медиабілім беруді оқытуда ұсынылған идеялардың сан алуандығы;
- бұқаралық ақпарат құралдарындағы педагогтер мен практиктердің арасындағы алшақтықтың болуы;
- сауатты талқылаулар мен зерттеудің олқылықтарының болуы [Федоров А.В., 2003].

Бұдан шығатын қорытынды, медиабілім беруді зерттеген ғалымдардың медиабілім берудегі мақсаттары мен міндеттерінің әртүрлі екенін байқаймыз. Жетекші британдық медиапедагогтердің ұсынған әдістеріне жүгіну орынды болады. Олар педагогтерге арнап, медиабілімді дамытушы 8 негізгі тәсілді ұсынған:

1. «Кадрды мұздату».
2. «Дыбыс және кескін».
3. «Орын және кадр».
4. «Басы және соңы».
5. «Көгерменді тарту».
6. « Түрлердің түрленуі».
7. «БАҚ мәтіндерін салыстыру».
8. «Еліктеу».

«Кадрды мұздату» әдістемесі мұғалімнің «Стоп» түймесін пайдаланып, бейне таспаның кескінін қатыруды қамтиды. Ал оқушылар кадрдағы композицияны, жарықты, түсті, бұрышты және т.б. элементтерге анализ жасауы керек. Осылайша, келесі педагогикалық мақсатқа қол жеткізіледі: оқушылар көрнекі бейненің әрбір элементінің өзіндік мәні бар екенін түсінеді.

«Дыбыс және кескін» кезеңінің әдістемесі мұғалімнің монитор экранын жабады. Ал оқушылар медиамәтіннің тек аудио жолын еститініне негізделген. Осыдан кейін олар ұсынылған фрагменттің мазмұнын, жанрын, стилін болжап, осы медиамәтіндегі музыкалық және шуыл сүйемелдеудің басқа нұсқалары қандай болуы мүмкін екендігі туралы ойлануға тырысады. Мұнда білімалушылар фильмнің немесе телешоудың дыбыстық безендірілуінің маңыздылығы мен ерекшеліктерін іс жүзінде түсінеді.

«Орын және кадр» әдістемесі білімалушыларға әр кадрдың өзінде белгілі бір ақпарат бар екенін түсінуін көздейді. Және кадрларды өңдеудің ырғағы болатынын түсінуі керек. Бұл арқылы БАҚ тілін түсінууді үйренеді.

«Басы және соңы» әдістемесі білімалушыларға шығарманың басын, негізгі бөлігін, маңызды кадрларды және соңын көрсету арқылы ой толғау жүргізіп, сыни тұрғыдан ойландырады. Нәтижесінде шығарманың жанрын, авторын табуға тырысулары керек.

«Көрсеткішті тарту» тетіктерін зерделеу әдістемесі білімалушылардың медиамәдениет туралы әртүрлі ақпараттар пакетін (шолулар, жарнамалар, фотосуреттер, саундтректер және т.б.) жинай алатындай етіп жасалған. Белгілі бір медиа-мәтіннің топтық «презентациясын» дайындай алады немесе оның тақырыбына коллаж жасай алады. Мұның бәрі медиа-мәтіннің аудитория арасында сәтті болуының себептерін түсіну үшін. Осы арқылы жарнамаларға алданбауды үйренеді.

«Түрлердің түрленуі» әдістемесі оқушылардың медиа мәтіндерді бір түрден екінші түрге (яғни, көркем мәтіннен экрандық мәтінге және керісінше, газет мәтінінен поэтикалық мәтінге және т.б.) «аудару» дағдыларын дамытады. Осы арқылы газет мәтіні мен экрандық мәтіндердің арақатынасын түсінеді.

«БАҚ мәтіндерін салыстыру» әдістемесі білімалушыларға әртүрлі аудиторияға арналған әртүрлі жұмыстардың екі фрагментін салыстыру ұсынылады. Мысалы, көркем мәтіннің негізгі эпизодтары мен оның екі фильмге бейімделуін салыстыру керек. Немесе көркем әдебиет пен деректі түрдегі бір тақырыптың интерпретациясын салыстырыңыз.

«Еліктеу» әдісіне келетін болсақ, ол білімалушыларға медиамәтіннің продюсері / авторларының рөлдерін ойнауға, оны әртүрлі жас топтары үшін түрлендіруге, оны сынай білуге арналған.

Нәтижелер

Ендеше, болашақ бастауыш сынып педагогтеріне медиабілім беруді кәсіби-бағдарлаудың бағыттарын нақтыласақ:

1. Ақпараттық қоғамда білімалушыларға өмірге қажетті шынайы білім алудың мәнін ұғындыру.
2. Өзін-өзі дамыту бағытында қоғамдағы әр түрлі ақпаратты сыни қабылдай білуге, алған ақпараттарын түсіне білу, пайдаға асыруына ықпал жасау.
3. Ақпарат құралдарының кесірін анықтай білуге және жүйке жүйесіне кері әсерін түсіндіру.
4. Білімді компьютерден бастап, қолданыстағы ұялы телефон тәрізді техника жабдықтар арқылы сауатты қолдана білуге дағдыландыру.

Болашақ бастауыш сынып педагогтеріне кәсіби-бағдарлы медиабілім беру білімалушының жеке даралығымен қатар, оның ойлау ерекшелігін дамытады. Қабылдау, түсіндіру және талдау арқылы шығармашылық әрекетке тартады. Білімалушының жеке қабілеттерін жетілдіретін оқытудың проблемалық, эвристикалық, ойын және басқа да өнімді формаларына негізделген сабақтарды өткізу әдістемесін ұсынады.

Қазіргі мектеп оқушылары бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндері мен әртүрлі ақпарат көздерімен, техникалық құралдармен және құрылғылармен қоршалған. Сондықтан маңызды және пайдалы ақпаратты агрессивті және манипуляциялық ақпараттан ажырата білу маңызды. Медиамәдениетті меңгеру үдерісі тиімді әрі қызықты болуы үшін медиабілім берудің қолданбалы технологияларына назар аударудың маңызы зор. Кіші мектеп оқушылары үшін негізгі медиа арналар теледидар, кино (анимация) және Интернеттен алынған бейне контент болып табылады. Бала теледидарды немесе гаджеттерді ұзақ уақыт көргенде, ол ақпаратқа шамадан тыс жүктеледі, бұл зейінін төмендетеді. Бұл жастағы медиа сабақтары уақытты қажет

етпейтін практикалық болуы керек. Пішіндердің арасында ойындар, әңгімелер, жарыстар бар. Медиа білім беру процесі әртүрлі педагогикалық техникалардан тұрады. Олардың көпшілігі ұстаздар мен білімалушы арасындағы арақатынасқа негізделген, интерактивті компонент басым. Сондықтан ойын әдістері, әсіресе бастауыш сынып оқушылары үшін маңызды, олар бастапқы медиа білімді қолжетімді формада беруге көмектеседі [Netreba M.M. et al., 2021].

Пікір алмасу

Мысалы, фин елінің педагогтары өзге мемлекеттердің тәжірибесін қолдана отырып, жалпы білім беретін мектептерінде БАҚ-ын оқып-білу мақсатында 3 негізгі пунктті бөліп қарайды. Әр пунктіге жеке тұрғыда мақсат қойған. Оқушыларды БАҚ-ның мазмұнына интерпритациялап, талдауға әзірлеу.

Осы мақсат жүзеге асуы үшін оларды БАҚ пайдалана білуге үйрету қажеттігі туады:

- а) ақпаратты қабылдаумен қоса, бос уақытты пайдалы өткізуге де дайындау;
- ә) оқи білу, тыңдау, көру тәрізді дағдыларды дұрыс және тұрақты түрде қалыптастыру;
- б) кез келген ақпарат құралдарының тілін түсінуге үйрету. Оның эстетикалық сапасы мен маңызын көре білуді меңгерту.

Оқушыларды ақпаратты сыни тұрғыдан қарап, қабылдауға дайындау. Бұл мақсатта, оқушылар келесі мәселелерді игеруі тиіс:

- а) өз қажеттіліктерін есепке ала отырып, ақпарат құралдарының хабарламаларына талғаммен, байыппен, түсіністікпен қарау;
- б) алған, білген ақпаратты тексеруден өткізіп, толықтырулар енгізу;
- в) бұқаралық ақпаратты саралау, оның нақты өмірмен арақатынасын саралау;
- г) БАҚ-ның қоғамдағы рөлі мен олардың әлеуметтікпен, саясатпен байланысын ұғыну;
- д) нақты ақпараттың идеясын, оны жеткізуші мен интерпритацияның арасындағы шекті анықтай алу;
- е) ақпараттардың өмірлік көзқарасқа әсерін және ақпарат құралдары беретін білімдерін таразылау.

Оқушылардың бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қабылдаған пікірлеріне үңілу. Сол мақсатта оқушылардан:

- а) ұсынылған көп мәліметтер легінен, нақты өзінің өмірлік ойының қалыптасуына қажеттіні талдап алуға үйренуі тиіс;
- ә) ақпараттардың ішінен нақты фактілерді ажыра алу;
- б) мағлұматтардан нақты шындыққа саятын фактілерді ажырата алу;
- в) өз көзқарасын сенімді түрде жеткізе алуы тиіс. Міне, осы дағдыларды болашақ бастауыш сынып педагогтері өз тәжірибесінде қолданысқа енгізуі керек.

Қорытынды

Сонымен, педагогтерді, білімалушыны кәсіби-бағдарлы медиабілім беруге дайындау тұрғысынан дайындауда нақты мынандай кезеңдермен толықтырылады:

- аудиторияға медиабілім берудің әдістері мен формаларын зерттеу;
- медиабілім беру саласында алған білімдері мен дағдыларын педагогикалық тәжірибе процесінде пайдалану [Бузаубакова К.Д. және т.б., 2022].

ЖОО (сонымен қатар білімалушының) аудиториясына арналған медиабілім беру әдістемесі, әдетте, әртүрлі шығармашылық тапсырмаларды жүзеге асыруға негізделген. Олардың элементтерін теориялық талдау, дамыту және оқыту тәжірибесінде қолдану келесі негізгі функцияларды анықтауға мүмкіндік береді: оқыту, бейімдеу, дамыту және басқару.

Сонымен бірге оқыту функциясы деп теориялар мен заңдылықтар, медиамәтіндерді қабылдау және талдау әдістері туралы білімді меңгеру, осы білімді басқа жағдайларда қолдана білу, логикалық пайымдау; бейімделу функциясы медиамәдениетпен қарым-қатынастың бастапқы,

